

ШҚО Ө ББ «Геологиялық барлау колледжі» КМҚК

Базалық (тірек) конспекттер

«Заннама және табиғатты пайдаланудың құқықтық негіздері»
пәні бойынша

Мамандықтар үшін:

1514000 «Экология және кенді пайдалану облысында
табиғи ресурстарды тиімді пайдалану»

Дайындаған жетекші


Жакупова В.П.

Әлеуметтік-экономикалық пәнің

отырысында қаралды

Хаттама № 4 дан «4» 10 2019ж.

Төрағасы Жумадилов Б.Ш.



Семей қ.

Базалык (тірек) конспекттер 2018 жылы бекітілген оқыту жұмыс жоспарына және 2019 жылы бекітілген оқыту жұмыс бағдарламаларына сай құралған.
Қолдану үшін оқу бөлімімен ұсынылған.

О және ТЖ бойынша директор орынбасары  Минаева Н.Т.



Екінші тоқсанда міндетті бақылау жұмыстар саны 1.
Қортынды бақылау - сынақ

Мазмұны

Тақырыптық жоспар	4
Сабақ № 1. Тақырып: Түсінігі, пәні, атқаратын қызметі	5
Сабақ № 2. Тақырып: Экологиялық құқықтың әдістері, принциптері	8
Сабақ № 3. Тақырып: Экологиялық құқықтың көздері	9
Сабақ № 4. Тақырып: Табиғат объектілеріне меншік құқығы	11
Сабақ № 5. Тақырып: Табиғатты пайдалану құқығы	13
Сабақ № 6. Тақырып: Экологияны пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік реттеу.	19
Сабақ № 7. Тақырып: Экологиялық бақылаудың ұйымдастырушылық-құқықтық түрлері.	20
Сабақ № 8. Тақырып: Экологиялық сараптама.	21
Сабақ № 9. Тақырып: Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік	23
Сабақ № 10. Тақырып: Қоршаған ортаға келтірілген шығындарды экономикалық бағалау	24
Сабақ № 11. Тақырып: Жерлерді пайдалану мен сақтаудың экологиялық – құқықтық тәртібі.	25
Сабақ № 1. Тақырып: Семинар	27
Сабақ № 12. Тақырып: Суларды пайдалану мен қорғаудың экологиялық – құқықтық тәртібі.	27
Сабақ № 2. Тақырып: Семинар	28
Сабақ № 13. Тақырып: Атмосфералық ауаны экологиялық – құқықтық қорғау	28
Сабақ № 3. Тақырып: Семинар	30
Сабақ № 14. Тақырып: Жер қойнауын пайдалану мен қорғаудың экологиялық-құқықтық тәртіптері	
Сабақ №4. Тақырып: Семинар	32
Сабақ № 15. Тақырып: Ормандарды пайдалану мен қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі	32
Сабақ № 5. Тақырып: Семинар	34
Сабақ № 16. Тақырып: Жануарлар әлемін қорғаудың, қайта өндірудің және пайдаланудың экологиялық-құқықтық режимі	34
Сабақ № 17 Тақырып: Ерекше қорғалатын табиғи территорияларды қорғаудың, іске асырудың және пайдаланудың экологиялық-құқықтық режимі	38
Сабақ № 18 Тақырып: Қоршаған табиғи ортаны халықаралық-құқықтық қорғау	39
Сабақ № 19 Тақырып: Экология және ғарыш	41
Сабақ № 20 Тақырып: Қорытынды жалпылау	42
Әдебиеттер	44

«Заңнама және табиғатты пайдаланудың құқықтық негіздері» пәнінің
тақырыптық жоспары

№ р/с	Бөлімдер мен тақырыптардың атауы	Сағаттар саны	
		Теория	Зерт. жұмыс
I.	Жалпы бөлім Кіріспе		
1.	Түсінігі, пәні, атқаратын қызметі	2	
2.	Экологиялық құқықтың әдістері, принциптері	2	
3.	Экологиялық құқықтың көздері	2	
4.	Табиғат объектілеріне меншік құқығы	2	
5.	Табиғатты пайдалану құқығы	4	
6.	Экологияны пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік реттеу.	4	
7.	Экологиялық бақылаудың ұйымдастырушылық-құқықтық формалары	2	
8.	Экологиялық сараптама	4	
9.	Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік	4	
II.	Ерекше бөлім		
10.	Жерлерді пайдалану мен қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі	2	2
11.	Суларды пайдалану мен қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі	2	2
12.	Атмосфералық ауаны экологиялық-құқықтық қорғау	2	2
13.	Жер қойнауларын пайдалану мен қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі	2	2
14.	Ормандарды пайдалану мен қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі	2	2
15.	Жануарлар әлемін қорғаудың, қайта өндірудің және пайдаланудың экологиялық-құқықтық режимі	2	
16.	Ерекше қорғалатын табиғи территориялардың экологиялық-құқықтық режимі	2	
18.	Қоршаған табиғи ортаны халықаралық-құқықтық қорғау	2	
19.	Экология және ғарыш	2	
	Барлығы:	48	10

Сабақ № 1.

Тақырып: Экологиялық құқықтың түсінігі, пәні мен қызметтері.

Жоспар

1. Оқу пәнінің мақсаттары мен міндеттері.
2. Экологиялық құқықтың пайда болу және даму тарихы.

1. Оқу пәнінің мақсаттары мен міндеттері.

«Табиғатты пайдалану заңнамасының негіздері мен құқықтық негіздері» пәнін оқып білудің мақсаты табиғатты қорғау органдарының, өкілетті, атқарушы және өзге мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың болашақ қызметкерлерін, қолданыстағы экологиялық заңнаманы және оны тәжірибеде қолдануды білетін, адамдардың қазіргі және келешек ұрпағының мүддесі үшін қоршаған ортаны тиімді пайдалану мен қорғау саясатын жүргізуге қабілетті мамандарды дайындаудан көрінеді.

Пәнді оқып білудің негізгі міндеттері мыналардан тұрады:

- 1) экологиялық заңнама білімін меңгеру, оны қолдану механизмін оқып білу;
- 2) оны өмірде қолданудың теориялық және тәжірибелік дағдыларын меңгеру;
- 3) экологиялық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша болашақ жұмыста қажетті, экологиялық-құқықтық сананы тәрбиелеу.

Қоршаған табиғи ортаны қорғау – қазіргі кезеңнің аса өзекті мәселелерінің бірі. Ғылыми-техникалық өрлеу мен табиғи ортаға антропогендік ықпалдың күшеюі экологиялық жағдайдың шиеленісуіне алып келеді: табиғи ресурстардың қорлары сарқылады, табиғи орта ластанады, адам мен табиғат арасындағы табиғи байланыс үзіледі, эстетикалық құндылықтар жойылады, адамдардың физикалық және адамгершілік денсаулығы нашарлайды, шикізат нарықтары, тіршілік кеңістігі үшін экономикалық және саяси күрес шиеленіседі.

Қазақстан Республикасына қатысты алсақ, ол экологиялық жағдайы нашар әлем елдерінің қатарына жатады. Табиғи ортаның ластануы зор масштабқа жетті. Экологиялық зиянды және адамдардың денсаулығына келтірілген зиянды есепке алмағанда, экономикалық тұрғыдағы шығындар орасан зор сомаларды құрайды. Адамдардың денсаулығы біртіндеп нашарлап келеді. Соңғы жылдары өмір сүрудің орташа ұзақтығы ерлерде 59 жасқа дейін, әйелдерде 64 жасқа дейін қысқарды. Гендік деңгейдегі ауытқушылықтарға орай, балалар ақыл-ой және дене кемістігімен туады. Еліміздің көптеген аудандарында халықтың үштен бір бөлігінде иммунологиялық жетіспеушіліктің түрлі формалары анықталды. Шамамен ел территориясының 15% экологиялық апат және төтенше экологиялық жағдайлар аймақтарын алып жатыр. Қала мен ауыл тұрғындарының тек 15-20% сапаның белгіленген нормативтеріне сәйкес келетін ауамен дем алмайды.

Талдап көрінізші: көптеген қазаношақтардың әрекеті нәтижесінде 70 химиялық элемент біздік қаладағы тыныс алатын ауаға түседі. Олардың жартысында радионуклидтер бар. Ауаның екінші ластағышы – автомобиль көлігі. Пайдаланылған газдардың құрамында – қорғасын. Қозғалыстың пайдаланылған құралына жол аштық. Дамыған елдер автомобильді 7 жылдан асырмай пайдалануға рұқсат етеді, бұдан ары айыппұл салынады. Мерзімі өткен автокөліктер біздің территорияға жолданды. Халық тұтынатын судың шамамен 50% гигиеналық талаптарға жауап бермейді. Тамаққа сапасыз азық-түлікті пайдаланудан да қорғану қолдан келмейді. Тек ресми мәліметтер бойынша Қазақстандағы тексерулердің қорытындысы бойынша жергілікті тауар өндірушілер өнімінің 60%, ТМД елдерінің – 9% және импорттық – 12% сапасыз. Біздің ғалымдардың жергілікті нарықтағы азық-түліктердің құрамын зерттеу сәтті болмады.

Мұндай мәселелердің тізімі айтарлықтай кең. Бірақ бұл бізге - кең байтақ және ресурстарға бай елдің тұрғындарына табиғи ортаны реттеусіз булимитсіз пайдаланудың уақыты өткенін түсіну керектігімізді дәлелдейді. Барлығы үшін төлу қажет: ақшалай, қатаң шектеулер енгізу, жауапкершілік орнату. Өзге жағдайда адам өз денсаулығын ғана емес, келешек ұрпақтардың амандығын сарп етеді. Өйткені табиғи ортаға жағымсыз ықпал адамның тіршілік етуінің биологиялық негізін жояды – канибализмнің қазіргі формасы.

Жалпы мағынада, қазіргі экологиялық дағдарыс – бұл экожүйелерде және адами қоғам мен табиғат арасындағы қатынастарда тепе-тендіктің бұзылуы.

Экологиялық дағдарыстың құраушылары:

- а) топырақтың бұзылуы;
- б) судың ластануы;
- в) ормандардың жойылуы;
- г) тіршіліктің түрлі формаларының жойылуы;
- д) табиғи ресурстарды шектен тыс пайдалану;
- е) халық денсаулығының нашарлауы, аурулардың жаңа түрлерінің пайда болуы.

Қоршаған ортаның дағдарыстық жағдайының себептері:

- а) мемлекеттердің саяси еркінің болмауы;
- б) нашар дамыған заңнама мен құқық;
- в) табиғатты қорғаудың мемлекеттік басқарылуын ұйымдастырудың ақаулары;
- г) адамның экономикалық қажеттіліктерінің табиғаттың экологиялық мүмкіндіктерімен байланысының болмауы;
- д) ведомстволық мүдделер;
- е) қаржыландырудың жетіспеушілігі;
- ж) құқықтық сананың, экологиялық білімдер мен экологиялық мәдениеттің аса төмен деңгейі.

Экологиялық мәселені шешу жолдары:

- а) Мемлекеттік экологиялық саясатты құру және біртіндеп максималды тиімді жүзеге асыру: мөлшерлеу; жоспарлы әрекеттің қоршаған ортаға ықпалын бағалау, сараптама, лицензиялау, жоспарлау, мониторинг, бақылау және т.с.с.

- б) қазіргі экологиялық заңнаманы қалыптастыру;
- в) табиғатты пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік басқару органдарының тиімді жүйесін құру;
- г) тиімді қаржыландыруды қамтамасыз ету;
- д) жаңа экологиялық-құқықтық дүниетанымды қалыптастыру;
- е) экологиялық мәселелерді шешуге халықтың кең ауқымын тарту;
- ж) қоршаған ортаны қорғау бойынша білікті мамандарды дайындау және экологиялық тәрбие беру.

3. Заң табиғатты қорғамайды, кез келген заң адам құқықтарын ғана қорғайды. Мәселе қоғамның, мемлекеттің құқықтық басымдықтары қандай дегеннен құралады. Жалпы алғанда, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық факторлардың жиынтығымен анықталатын өмір сапасына қосқан үлеске басымдық тәуелді. Экологиялық қажеттіліктердің басымдығы қаншалықты жоғары болатыны қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне, сонымен қатар қоғамдық моральдің даму деңгейіне тәуелді.

Ақылдың басымдығы әсіресе экология саласында бейімделу керек. Жер ғаламшарында 6 млрд астам адам. Бір күнмен өмір сүсруге болмайды, тарихи келешекті болжай алу керек және қоршаған ортаға жыртқыштық қатынастың неге алып келетінін түсіну керек. Ұрпағымызға не қалдырамыз? Өмір сапасы экологиялық доктринаны құрайтыны кездейсоқ емес. Алайда еркіндік масайратады, әркім өз білгенін істейді.

Сондықтан экологиялық реттеудің институционалдық және құқықтық жүйесін құру – бүгінгі күннің өзекті міндеті. Экологиялық құқық жүйесінің қазіргі құрылымы қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық қауіпсіздік функционалдық реттелетін, объектілер бойынша табиғаттың қорғалуын құқықтық реттеуді үйлестіреді. Кең мағынада «экологиялық заңнама» термині қоғамдық қатынастардың экологиялық тобын реттейтін, заң актілерінің жүйесін білдіреді. Экологиялық заңнаманың дамуы келешекте экологиялық құқықтың әрекет ареалын кеңейтуді көздейді, бұл оның барлық сатыларында шаруашылық әрекетті экологиялық-құқықтық реттеудің, табиғатты пайдаланушылар мен табиғатты қорғау қызметтерінің арасындағы дауларды шешудің қажеттілігімен байланысты.

Қазіргі уақытта заң экологиялық құқық бұзушылық үшін жауапкершіліктің келесі түрлерін көздейді: тәртіптік, материалдық, әкімшілік, қылмыстық. Азаматтар мен лауазымды тұлғаларға тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық, материалдық жауапкершілік; кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға әкімшілік және азаматтық-құқықтық жауапкершілік жүктеледі. Экологиялық заңнаманы қолдану тіжрибесін талдау экологиялық құқық бұзушылық үшін жауапкершіліктің қолданбалы шарасы әкімшілік өндіріп алу болып табылатынын дәлелдейді. Ол айыппұл салуды және залалдың орнын толтыруды көздейді. Әкімшілік ықпал етудің қатаң шарасы кәсіпорынның әрекетін әрекетін тоқтату туралы шешім болып табылады. Шаруашылық жүргізудің қазіргі жағдайларында қылмыстық жауапкершілікті қолдану маңызға ие. Прокурорлық тексерулер құрамы бойынша қылмыстылар болып

келетін, экологиялық қылмыстар тергеуге берілмейтін жағдайларды анықтады.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін жауапкершіліктің қазіргі жүйесінің мәселелі тұрғыларының арасында айыппұлдардың төмен мөлшерін, экологиялық мәдениеттің төмендігіне орай экологиялық қылмыстардың айыптыларына жұмсақтықпен қарауды және т.б. атап өту қажет.

Бақылау сұрақтары.

1. Оқу пәнінің мақсаттары мен міндеттері.
2. Экологиялық құқықтың пайда болу және даму тарихы.

Сабак № 2.

Тақырып: Экологиялық құқықтың әдістері мен қағидалары.

Жоспар

1. Экологиялық құқықтың әдістері.
2. Экологиялық құқықтың қағидалары.

1. Экологиялық құқықтың әдістері.

Әдістер – нақты міндеттерді шешуге бағынатын, шындықты тәжірибелік және теориялық меңгерудің амалдарының немесе тәсілдерінің жиынтығы.

Қолданыстағы құқық жүйесіне қандай да бір құқықтық нормаларды орындау мақсатында адамның мінез-қылығына ықпал ететін 2 тәсіл бекітілген:

- 1) Әкімшілік-құқықтық
- 2) Азаматтық-құқықтық.

1) Әкімшілік-құқықтық әдіс құқықтық қатынастар субъектілерінің құбылмалы жағдайынан, яғни билік пен бағыну қатынастарынан құрылады (басшы – бағынышты, милиция қызметкері – құқық бұзушы және т.с.с.).

2) Азаматтық-құқықтық әдіс заңның алдында тараптардың теңдігіне негізделген (экологиялық құқық бұзушылық үшін заңды және жеке тұлғалардың тең жауапкершілігі).

Экологиялық құқық тұрғысынан құқықтық реттеу объектілері ретінде табиғи объектілердің ерекшелігі бүкіл табиғатпен өзара байланысты өзара байланысты ұйымдастырудағы олардың пайда болуы мен қызмет етуінің табиғи сипатынан көрінеді.

Пән мен әдіс белгілі бір бірлікке және ортақтыққа ие болу керек. Ол үшін экологизация әдісі түсінігі енгізілді. Бұл әдіс экологиялық құқық пәнінің ерекшеліктерінен туындаған. Бұл ерекшеліктер табиғат заңдарын есепке алу керектігінен тұрады.

Экологизация әдісі келесі элементтерден тұрады:

1) экологиялық және экономикалық маңыз бар және қолданылуы немесе оларға ықпал ету құқықтық реттеу мен қамтамасыз етуді қажет ететін, экожүйенің элементтерін қолданыстағы заңнамада бекіту.

2) табиғи объектілерді пайдалануды нақты реттеуді жүзеге асыратын, экологиялық жүйелердің сақталуы мен ұдайы өндірісін бақылайтын, органдардың құрылымын қолданыстағы заңнамада бекіту.

3) қоршаған табиғи ортаға ықпал ететін, табиғатты пайдаланушылар шеңберін заңнамада бекіту.

4) бір жағынан, табиғатты пайдалану объектісінің ерекшелігіне, екінші жағынан, табиғатты пайдаланушының құқықтық мәртебесіне негізделген, табиғатты пайдалану ережелерінің айқын регламентациясы.

5) табиғатты пайдалану ережелерін бұзғаны үшін заңды жауапкершілікті белгілеу.

2. Экологиялық құқықтың қағидалары.

Экологиялық заңнаманың қағидалары қолданыстағы заңнамадан, халықаралық құқықтан бастау алады. Олар ҚР Конституциясында бар, актілерде нақтыланады, нормативтік маңызға ие, арнайы заңдарда, қаулыларда және өзге актілерде нақтыланады.

1995 ж. ҚР Конституциясында 6 бапта табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік пен жерге жеке меншік жарияланған және оларды тең құқылы қорғау кепілдендірілген.

31 бапта адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы, қоршаған ортаны қорғау қағидасы бекітілген.

15.07.1997ж. ҚР «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңының 3 бабына сәйкес қоршаған ортаны қорғаудың негізгі қағидалары болып табылады:

1) адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдығы, халықтың өмірі, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру;

2) нарықтық қатынастар жағдайында ҚР тұрақты дамуға көшуі мақсатында қоршаған ортаның әлеуметтік-экономикалық міндеттері мен мәселелерін теңгерімді шешу және сау және қолайлы қоршаған ортаға деген қазіргі және болашақ ұрпақтардың қажеттілігін қанағаттандыру;

3) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экологиялық жағдайы қолайсыз территорияларда бұзылған табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіру.

4) табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және ұдайы өндіру, қоршаған ортаны қорғауды экономикалық ынталандыруды және табиғатты пайдалану үшін төлемді кезеңдеп енгізу;

5) ерекше экологиялық, ғылыми және мәдени маңызы бар, қоршаған орта объектілерінің және биологиялық көптүрліліктің сақталуын қамтамасыз ету.

6) мемлекеттік реттеу және мемлекеттік бақылау, қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы;

7) қоршаған ортаға зиян келтірудің алдын алу, қоршаған ортаға мүмкін ықпалын бағалау;

8) қоршаған ортаны қорғауға жұртшылықтың, бірлестіктер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының белсенді және демократиялы қатысуы;

9) халықаралық құқықтың негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

Бақылау сұрақтары.

1. Экологиялық құқықтың әдістері?
2. Экологиялық құқықтың қағидалары?

Сабақ № 3

Тақырып: Экологиялық құқықтың көздері.

Жоспар

1. Экологиялық құқық көзінің түсінігі.
2. Экологиялық құқық көздерінің жіктелуі.

1. Экологиялық құқық көзінің түсінігі.

Құқық көзі – бұл мемлекеттен тарапынан шығатын немесе ол қабылдайтын, құқық нормаларын білдіру мен бекітудің, оларға заңды, жалпыға міндетті маңызға келтірудің ресми құжаттық формалары.

Экологиялық құқықтың көздері қоршаған ортаны қорғау саласындағы қатынастарды, яғни экологиялық қатынастарды реттейтін, нормативтік құқықтық актілер болып табылады.

Мұндай нормативтік құқықтық актілер құқық көзіне объективті тиісті бірқатар белгілерге сай болу керек:

біріншіден, мемлекеттік-билік күшінің тасымалдаушысы болу керек;
екіншіден, нормативтік сипатқа ие болу керек, яғни көп рет қолдануға есептелу керек;
үшіншіден, субъектілердің белгісіз санына арналу керек;
төртіншіден, барлық субъектілердің орындауы үшін міндетті болу керек.

2. Экологиялық құқық көздерінің жіктелуі.

Экологиялық құқық көздерінің жіктелуі бірқатар негіздемелер бойынша жүргізілуі мүмкін.

1) Заңды күші бойынша мыналарға бөлінеді:

а) заңдар – Парламент пен Президент қабылдайтын, нормативтік құқықтық актілер.

б) барлық өзге нормативтік құқықтық актілер заңға бағынышты болып табылады – бұл ҚР Президенті, ҚР Үкіметі, және атқарушы билік органдары, министрліктер мен ведомстволар қабылдайтын акітелір.

2) Реттеу пәні бойынша экологиялық құқық көздері мыналарға бөлінеді:

а) жалпы – оларды реттеу пәні кең және экологиялық та, өзге қоғамдық та қатынастарды қамтитындығымен сипатталады (Конституция).

б) арнайы – толықтай қоршаған орта немесе оның элементтері мәселелеріне арналған актілер.

3) Заңнама салалары бойынша көздер мыналарға бөлінеді:

- а) жер
- б) су
- в) орман
- г) жер қойнаулары туралы заңнама
- д) әкімшілік
- е) азаматтық
- ж) қылмыстық және т.б.

4) Құқықтық реттеу сипаты бойынша мыналарға бөлінеді:

а) материалдық нормалар тиісті қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін, сонымен қатар жауапкершілігін белгілейді, «Экологиялық сараптама туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи территориялар туралы» және т.б. заңдар.

б) процессуалды нормалар табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы процессуалды қатынастарды реттейді.

5) Мазмұны бойынша көздер мыналарға бөлінеді:

а) кешенді құқықтық актілер жеке объектілерге бөлусіз жалпы қоршаған ортаның қорғауын реттейді.

б) табиғатты қорғау – ҚР Үкіметімен бекітілген, ҚР пайдалы қазба кенорындарын қазу кезінде жер қойнауларын қорғаудың бірыңғай ережелері.

в) табиғи-ресурстық – 21.01.2000ж. ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген, тапсыру ережелері.

г) ортаны қорғаушы – жер қойнауларына зиянды заттарды көму және қарқынды суларды лықсыту тәртібі туралы Ереже.

б) Экологиялық қатынастарды реттеудегі маңыздылық дәрежесі бойынша мыналарға бөлінеді:

а) негізгі – қолданыстағы заңнаманың конструкциясын құрайды және тұлғалардың белгісіз шеңберіне таралатын, бұл актілерде бекітілген жалпы сипаттағы ережелер, экологиялық әрекеттердің жалпы сипаты және т.с.с. болып табылады.

б) қосалқылар, әдетте, техникалық-заңды сипатқа ие және реттелетін қатынасқа қатысты қандай да бір нормативтік құқықтық актіні дұрыс қолдануға мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары.

1. Экологиялық құқық көзінің түсінігі?
2. Экологиялық құқық көздерінің жіктелуі?

Сабақ № 4.

Тақырып: Табиғат объектілеріне меншік құқығы

Жоспар

1. Табиғат объектілеріне меншік құқығының ұғымы мен жалпы сипаттамасы
2. Табиғи ресурстарға меншік құқығының объектілері.

1. Табиғат объектілеріне меншік құқығының ұғымы мен жалпы сипаттамасы

Табиғат ресурстарына меншік – бұл жер, су ресурстары, өсімдік және жануарлар әлемі мен басқа да табиғи байлықтарға қатысты қоғамдық қатынастардың формасы.

Табиғи ресурстарға меншік құқығын заңды аспектіде екі сапада қарастыруға болады: құқықтық институт ретінде және меншік иесі өкілеттілігінің жиынтығы ретінде.

Құқықтық институт ретінде табиғи ресурстарға меншік құқығы табиғи ресурстарға қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын білдіреді, бұл объективтік мағынада жеке меншік құқығын қалыптастырады.

Табиғи ресурстарға меншік құқығының негіздері ҚР Конституциясымен анықталған; онда: ҚР мемлекеттік және жеке меншік мойындалады және тең дәрежеде айналысады.

Табиғи ресурстарға меншік құқығы астарында субъективтік мағынада жер, оның жер қойнаулары, сулары, өсімдік және жануарлар әлемі және басқа да меншік объектілерін иелену, қолдану және басқару бойынша меншік иесі өкілеттілігінің жиынтығы түсіндіріледі. ҚР Азаматтық кодексінде 188 бапта: «Меншік құқығы – субъектінің өзінің қалауы бойынша өзіне тиесілі мүліктерді иелену, қолдану және басқару бойынша заңнамалық актілермен мойындалған және қорғалатын құқығы».

Меншік иесінің табиғи ресурстарды иелену, қолдану және басқару құқығы табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін оған жүктелетін заңнамалық міндеттемені білдіреді.

Егер табиғи ресурстардың иесі оларды пайдалануға басқа тұлғаларға берсе, бұл әсіресе мемлекеттік меншікке қатысты жиі кездеседі, онда оған пайдаланушының табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғау туралы заңнама ережелерін орындауын бақылауды қамтамасыз ету міндеттемесі жүктеледі. Экологиялық талаптарды сақтамау кезінде меншік иесінің құқықтары заңнамалық актілерге сәйкес шектелетін болады. Ешбір мемлекетте табиғи ресурстарға меншіктің абсолюттік құқығы жоқ. Мемлекет мүддесіне орай табиғи ресурстарды қолдануға сәйкес меншік иесінің құқықтары шектелуі мүмкін. Мысалы, ҚР Жер кодексіне сәйкес жер учаскесі мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алу немесе басқа бағасы бірдей жер учаскесін пайдалануға беру жолымен алынуы мүмкін.

2. Табиғи ресурстарға меншік құқығының объектілері.

Табиғи ресурстарға меншік құқығы объектілері туралы мәселені екі аспектіде қарастыруға болады: дәл қандай табиғи ресурстар меншік құқығы объектілері және қайсылар жеке және мемлекеттік меншік болып табылады.

ҚР Конституциясының 6-бабында жалпы ол объектілер анықталған және оларға меншік формалары көрсетілген. Азаматтардың, мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншік құқықтарының объектісі ретінде, ҚР К 2 3 бөлімдеріне сәйкес, жер учаскесі болып табылады, азаматтың жеке меншігінде шаруа қожалығын жүргізуге, қосалқы шаруашылыққа, соның ішінде тұрғын үйлер

(құрылыс, ғимараттар), ғимараттардың, нысандардың қызметіне сәйкес оларға қызмет көрсетуге арналған жер учаскелері болады.

Жер қойнаулары да мемлекеттің жеке меншігі. Жер қойнаулары туралы заңның 5 бабына сәйкес, минералды шикізаттар, егер келісімшарттармен басқаша қарастырылмаса, меншік құқығы негізінде жер қойнауларын пайдаланушыға тиесілі болады. Өсімдіктер әлемі жермен тікелей байланысты, сондықтан өсімдіктер әлемінің меншік иесі жердің меншік иесі болып табылады.

ҚР Орман Кодексіне сәйкес, меншік құқығының объектісі ретінде ҚР орман қоры болып табылады. Мемлекеттік орман қорына табиғи және жасанды ормандар, сондай-ақ орман шаруашылығының қажеттіліктеріне ұсынылған орман өсімдіктерімен жабылмаған жер учаскелері, ерекше қорғалатын табиғат территорияларының жерлерінде орналасқан табиғи және жасанды ормандар, республика аралық және республикалық маңызы бар темір жол және автокөлік жолдарының қарсы жолақтарындағы, каналдар, құбырлар магистральдарындағы және басқа да ені 10м және одан жоғары, ауданы 0,05 Га үлкен қорғаныс көшеттері жатады.

Жануарлар әлемі мемлекеттік шекара бойынша қоныс аударатын мемлекет меншігінің объектісі болып табылады, жабайы аңдар мен құстар мемлекет территориясы шегінде болған кезде оның меншігінде өзгеріссіз болады. Жануарлар әлемі табиғи ресурстар категориясынан тауарлы-материалдық құндылықтар категориясына және керісінше жеңіл өтеді. Бекітілген тәртіп бойынша ауланған жабайы аңдар мен құстар азаматтар мен заңды тұлғалардың меншікті тауарлы-материалдық құндылықтары болуы мүмкін. Алайда, еркіндікке жіберілгеннен кейін олар табиғатпен қайта тұтасып, мемлекеттік меншік объектісіне айналады.

Атмосфералық ауаға қатысты мәселе меншік құқығының объектісі ретінде заңғылымында келелі болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы желтоқсанның 26 Әуе кеңістігін пайдалану және ҚР авиациясының қызметі туралы Жарлығына сәйкес, ҚР әуе кеңістігі мемлекеттік меншік және мемлекеттік территория бөлігі болып табылады. Атмосфералық ауаға қатысты айтар болсақ, өзінің физикалық қасиеттеріне орай оны бір мемлекет шегінде оңашаландыруға немесе жекелеуге болмайды, бұл меншік құқығының міндетті шарты болып табылады. Бұл табиғи объект дүниежүзілік игілік болып табылады. Мемлекет меншік иесінің ауаға қатысты барлық өкілеттіліктерін, әдетте иелену және басқару құқығын жүзеге асыра алмайды.

3) Табиғи ресурстарға меншік құқығының субъектілері

Меншіктің басты элементі меншік объектілерінің нақтылы тұрғаларға меншіктенуі болып табылады, және сондықтан меншікті анықтаушы субъект болып табылады. Субъект бойынша меншік формалары: мемлекеттік және жеке болып бөлінеді.

ҚР 1993 жылғы Конституциясы бойынша республиканың жалғыз меншік иесі мемлекет болды, бірақ ҚР 1995 жылғы Конституциясын қабылдағаннан кейін табиғи ресурстарға бірыңғай мемлекеттік меншік монополиясы жойылды.

Бақылау сұрақтары.

1. Табиғат объектілеріне меншік құқығының ұғымы мен жалпы сипаттамасы?
2. Табиғи ресурстарға меншік құқығының объектілері?

Сабақ № 5.

Тақырып: Табиғатты пайдалану құқығы.

1. Табиғатты пайдаланудың жалпы құқығының мазмұны. Табиғатты пайдаланудың түсінігі, формалары мен түрлері. Табиғатты пайдаланудың негізгі қағидалары.
2. Табиғатты пайдаланудың субъектілері мен объектілері.
3. Табиғатты пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері.

1. Табиғатты пайдаланудың жалпы құқығының мазмұны. Табиғатты пайдаланудың түсінігі, формалары мен түрлері. Табиғатты пайдаланудың негізгі қағидалары.

Табиғатты пайдалану құқығының ерекшеліктері бұл құқық табиғат объектілерін шаруашылық және өзге пайдаланудан, олардан пайдалы қасиеттерді алудан және қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандырудың өзге мақсаттарында қолданудан тұратындығынан көрінеді.

Мемлекеттік органдар бұл құқықты мемлекеттік кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар арқылы немесе табиғи объектілерді азаматтарға және мемлекеттік емесе ұйымдарға пайдалануға беру жолымен жүзеге асырады.

Табиғи объектілерді пайдалану құқығының 2 қыры бар: біріншіден, экологияны пайдаланушылар үшін, сақталуы үздіксіз мемлекеттік бақылауда болатын, табиғи объектілерді пайдаланудың белгілі бір ережелері бекітіледі; екіншіден, салық және ренталық төлемдер жүйесі арқылы экологияны пайдаланушылардан пайда алынады.

ҚР табиғи ресурстары жалпы және арнайы табиғатты пайдалануда болады.

Жалпы табиғатты пайдалану өмірлік маңызды қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін ақысыз және табиғи ресурстарды азаматтар мен ұйымдарға тапсырусыз жүзеге асырылады. Егер заңнамамен көзделсе, жалпы табиғатты пайдалануға шектеулер қойылады.

Арнайы табиғатты пайдалануда табиғи ресурстар табиғатты пайдаланушыларға белгіленген тәртіппен беріледі.

Арнайы табиғатты пайдалану құқығы тұрақты немесе уақытша, адаланатын немесе адаланбайтын, ақылы немесе ақысыз алынатын, бастапқы немесе екінші қатарлы болуы мүмкін. арнайы табиғатты пайдалану немесе табиғатт шектеулі пайдалану (сервитуттар) құқығының туындау ерекшеліктері ҚР заңнамасымен анықталады.

Сервитут – берілген ресурстың меншік иесі болып табылмайтын, жеке және заңды тұлғалардың табиғи ресурсты шектеулі мақсатқа сай пайдалану құқығы (меншік иесіне немесе табиғатты пайдаланушыға беріледі).

Жалпы табиғатты пайдалану халықтың өмірлік маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ақысыз жүзеге асырылады. Ол арнайы рұқсатты талап етпейді және олардың туу және тіршілік етуінің нәтижесі

ретінде туындайтын, табиғи құқықтарына орай азаматтармен жүзеге асырылады. Осылайша, жалпы пайдаланылатын жерлер, халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған, жолдардың, жағалау жолақтарының, алаңдардың, көшелердің, тротуарлардың, оралымдардың, парктердің, қалалық ормандардың, су айдындарының, жағажайлардың, зираттардың және өзге объектілердің жерлері болып табылады. (су құбырларын, жылу құбырларын, тазарту құрылыстары мен жалпы пайдаланудағы өзге инженерлік жүйелерді салу және пайдалану)

Арнайы табиғатты пайдалану ақылы түрде жүзеге асырылады.

Табиғи ресурстар табиғатты пайдалануда мыналардың негізінде беріледі: табиғи ресурстарды пайдалануға және қоршаған ортаны қорғау саласында іс-әрекеттің жеке түрлерін жүзеге асыруға берілетін лицензия; табиғи ресурстарды табиғатты пайдалануға беру туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімі немесе ҚР Үкіметінің қаулысы; табиғатты пайдаланудың келісімшарттары (контракттар).

ҚР Үкіметі шаруашылық және өзге әрекетке қойылатын экологиялық талаптар мен қолданыстағы экологиялық нормативтерге сәйкес қоршаған ортаны ластау мен табиғи ресурстарды алуға шектеулер мен квоталарды бекітеді.

Табиғатты пайдалануға рұқсат жыл сайын табиғатты пайдаланушыға қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органымен берілетін және табиғатты пайдаланушының табиғи ресурстарды пайдалану (алу), ластаушы заттарды қоршаған ортаға шығару және лықсыту құқығын, өндіріс қалдықтарын орналастыру және табиғатты пайдаланудың нақты мерзімдер мен көлемдерін, нормаларын, жағдайларын және қолданылатын технологияларды көрсетіп, тұтыну құқығын білдіретін, құжат болып табылады.

Лицензиялауға жататын іс-әрекеттің түрлері:

- 1) табиғи ресурстар туралы заңнама сәйкес оларды пайдалану;
- 2) қоршаған ортаға ластаушы заттардың шығарылуын (лықсытылуын) жүзеге асыру;
- 3) қоршаған орта мен халыққа ерекше қауіп төндіретін, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын көму және сақтау;
- 4) экологиялық аудиторлық әрекет;
- 5) шаруашылық әрекеттің экологиялық қауіпті түрлері міндетті мемлекеттік лицензиялауға жатады.

Мысалы, 2003 ж. 8 шілдесіндегі №477-ІІ ҚР Орман кодексінің 89 бабы:

«Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен орманды пайдаланушылар жүзеге асыратын, мемлекеттік орман қорының бөлікшелерінде ағаш дайындау әрекеті лицензияланады».

Табиғатты пайдалану бойынша келісімшарт-контракт табиғатты пайдаланушы мен атқарушы органдар немесе ҚР Үкіметі арасында жасалады. Келісімшарт (контракт) табиғатты пайдаланушы алдын ала лицензия алусыз заңсыз болып табылады.

Келесімшарттың (контракттың) әрекет ету мерзімі, тоқтау шарттары мен тәртібі ҚР заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен анықталады. Лицензияға қайшы келетін, келісімшарттың (контракттың) шарттары заңсыз болып табылады. Лицензияны қайтарып алу келісімшарттың (контракттың) тоқтауына алып келеді. Келесімшарт (контракт) қол қойғанға дейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органмен қиыстырылу керек.

Табиғатты пайдаланудың негізгі қағидалары.

1) ҚР азаматтарының экологиялық құқықтары мен мүдделерінің басымдық қағидасы. Оны қолданудың ерекшеліктері мынадан тұрады:

жер және өзге табиғи ресурстар ҚР халқының тіршілігі мен әрекетінің негізі ретінде ҚР қолданылады және қорғалады;

табиғат объектілері, заңда анықталған жағдайлардан басқа, өзге мемлекеттің пайдасына ҚР адалануы мүмкін емес;

табиғат объектілерін пайдалану мен қорғау саласындағы басқару жалпы құзыреттіліктегі басқару органдарының бақылауында жүзеге асырылады;

мемлекет табиғат объектілерін пайдалану бойынша қатынастарға араласуға, сонымен қатар оларды мемлекеттік қажеттіліктер үшін қолданудан қалдыруға және мәжбүрлі сатып алуға құқылы;

жеке адамның құқықтарын қорғау ҚР әр азаматы қолайлы қоршаған ортаға құқылы болуымен (ҚР Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпы қабылданған қағидалары мен нормаларына сәйкес) қамтамасыз етіледі;

әр азамат шаруашылық әрекеттен, апаттардан, табиғат апаттарынан туындаған, қоршаған табиғи ортаның қолайсыз ықпалынан денсаулығын қорғауға құқылы. Бұл құқық қоршаған табиғи ортаны қорғаумен, азаматтардың еңбегі, тұрмысы, демалысы, тәрбиесі мен оқуына қолайлы жағдайлар жасаумен, сапалы азық-түлікті өндірумен және сатумен, сонымен қатар халыққа қолжетімді медициналық көмек көрсетумен қамтамасыз етіледі.

2. Табиғат объектілерін мақсатқа сай пайдалану қағидасы. Ол әр табиғат пайдаланушысын табиғат объектілерін мақсатқа дәл сәйкестікте пайдалануға міндеттейді.

3. Табиғат объектілерін тиімді және қолайлы пайдалану қағидасы. Ол экономикалық және экологиялық зиян келтірмей, табиғат объектілерін пайдаланумен байланысты, шаруашылық әрекеттен ең аз шығынмен үлкен нәтиже алуға ұмтылудан көрінетін, экологияны пайдаланудың заңға енгізілген экономикалық қырын бейнелейді.

4. Табиғат объектілерін пайдалануда қорғау шараларының басымдық қағидасы. Ол барлық табиғат объектілері шаруашылық пайдаланудың жағымсыз салдарына сақтандырылмағанына негізделеді. Қандай да бір табиғат объектісін шаруашылықта игеру бойынша кез келген әрекетке оны халықтың тіршілігі, еңбегі мен демалысы үшін белгілі бір қорғау шараларын құрастыру мен жүзеге асыру ұласу керек.

Сонымен қатар, егер экологиялық және экономикалық мүдделер тоғысқанда, табиғатты пайдаланудың тиімді тәсілі игерілетін табиғи объект

үшін зиянды болғанда, басымдық экологиялық мүддеге берілу керек, табиғатты пайдалану тәсілі өзгертілу керек немесе тоқтатылу керек.

5. Табиғатты пайдаланудағы кешенді тәсіл қағидасы. Ол берілген табиғат объектісін пайдалануда оның басқа табиғи объектілермен және жалпы қоршаған табиғи ортамен экобайланыстарын есепке алу қажет. Ол кез келген экожүйенің табиғи көптүрлілігіне негізделген, сондықтан одан алшақтау табиғат байлықтарын тиімсіз және ысырапшыл пайдалануға алып келеді.

6. Табиғи ресурстарды ақылы пайдалану қағидасы. Ресурстардың жеке түрлерін пайдаланудың төлемі ресурстардың жеке түрлерін пайдаланудың (қолданудан алудың) белгіленген шектеулері аясында және табиғат ресурстарының жеке түрлерін пайдаланудың белгіленген шектеулерінен артық табиғат ресурстарының жеке түрлерін пайдалану құқығы үшін алынады. Қоршаған ортаға ықпал ету үшін төлем қоршаған ортаға ықпал етудің белгіленген шектеулерінің аясында және ықпал етудің белгіленген шектеулерінен артық ластаушы заттарды шығару, лықсыту, қалдықтар мен ықпал етудің өзге түрлері үшін алынады. Табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаға ықпал ету үшін төлемнің есебінен қалыптасатын қаражаттарды табиғатты пайдаланушылар бюджетке және тиісті экологиялық қорларға жолдайды.

7. Табиғатты пайдалану құқығының тұрақтылық қағидасы. Ол табиғат объектілері әдетте тұрақты пайдалануға немесе 10 жылдан 49 жылға дейін ұзақ мерзімге, мерзімі ұзартылатын 6 жыл мерзімдегі барлауға арналған контракт, 25 жылға дейінгі мерзімде қазық шығаруға арналған контракт, ал ірі және бірегей пайдалы қазба қорлары бар кенорындар бойынша 45 жылға дейінгі мерзімге немесе 5 жылға дейінгі нақты мерзімге уақытша қысқа мерзімді пайдалануға берілетіндігінен тұрады, табиғат объектілерін пайдалану құқығы заңда көрсетілген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы мүмкін. бұл пайдаланушының әрекетін жүзеге асыру үшін қажетті жағдай тудырады, табиғатты пайдаланумен байланысты оның мүдделерін кепілдендіруді қамтамасыз етеді.

2. Табиғатты пайдаланудың субъектілері мен объектілері.

Табиғатты пайдаланушылар заңды және жеке тұлғаларға, мемлекеттік және мемлекеттік емес, ұлттық және шетелдік болып бөлінеді.

Ұлттық табиғатты пайдаланушыларға ҚР азаматтары және қазақстандық заңды тұлғалар, соның ішінде шетелдік үлесі барлар жатады, ал шетелдік табиғатты пайдаланушыларға шетел азаматтары, шетелдік заңды тұлғалар, шетелдік мемлекеттер, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар жатады. Заңды тұлға ұғымы (1994ж. 27 желтоқсандағы ҚР Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 33 бабы): «Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады». Заңды тұлға өзінің атауы бар мөрге ие болады.

Жеке тұлға ұғымы: «Жеке тұлға астарында ҚР азаматтары, басқа мемлекеттердің азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар танылады».

Табиғатты пайдаланушылар:

тұрақты (табиғатты пайдалану құқығы мерзімсіз сипатқа ие) және уақытша (табиғатты пайдалану құқығы белгілі бір мерзіммен шектеулі); бастапқы (табиғатты пайдалану құқығы мемлекеттен, немесе басқа алғашқы табиғатты пайдаланушылардан олардың құқықтарын айыру тәртібінде алынған) және екінші (табиғатты пайдалану құқығы өзінің дәрежесін сақтап қалған алғашқы табиғатты пайдаланушыдан келісім шарт негізінде алынған) болуы мүмкін.

Табиғатты пайдалану құқығының объектілері – бұл категорияларға бөлінген жер және басқа да табиғи ресурстар. Табиғи объектілерді категориялау шамамен барлық табиғи объектілердің қатынастарында орын алады. Бұл табиғи объектілерді басқарудың бірінші кезеңі болып табылады, өйткені жерлер 7 категорияға, пайдалы қазбалар – 2 категорияға (жалпы таралған және ондайларға жатпайтындар) бөлінген; су объектілері тұрғындардың ауыз су және тұрмыстық қажеттіліктеріне, емдік, әртүрлі халық шаруашылығының мақсаттарына және т.б. жарамдылығына байланысты категорияларға бөлінген.

Мемлекетпен меншік иесі ретінде тағайындалатын объектінің заңды дәрежесінің екі жағы:

1. Негізгі мақсаттық қызметі бойынша объектіні категорияға бөлу.
2. Табиғи объектіні нақтылы тұлғаға (азаматқа, ұйымға) меншікке, иелікке, пайдалануға және жалға беру кезінде табиғи объектінің тікелей мақсаттық қызметін анықтау.

Табиғатты пайдаланушылардың негізгі міндеттері:

1. Табиғи ресурстарды мақсаттық қызметтері мен оларды ұсынуға сәйкес табиғи ресурстарды қолдану;
2. Шаруашылық және басқа да қызметтерге бекітілген экологиялық нормативтер мен экономикалық талаптарды, әрекеттегі стандарттарды, техникалық шарттарды сақтау, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, қоршаған ортаға залал келтірмеу және басқа табиғатты пайдаланушылар құқықтарының бұзылуын болдырмау.
3. Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды іске асыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру.
4. Қоршаған ортаны қорғау бойынша мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын қажетті акпараттарды мекемелердің талаптары бойынша ұсыну.
5. Табиғи ресурстарды пайдалану, қоршаған ортаны ластау, қорғау және іске асыру бойынша ҚР Салық кодексімен бекітілген төлемдерді дер кезінде төлеу.
6. ҚР заңнамасымен қарастырылған басқа да талаптарды төлеу.

3. Табиғатты пайдаланудың құқықтары мен міндеттері.

ҚР азаматтары:

өмір сүру және денсаулыққа қолайлы қоршаған ортаға;

оның жағдайы және оны жақсарту бойынша шаралар туралы сенімді ақпараттарға;
қоршаған ортаны қорғау бойынша заңнаманың бұзылуы салдарынан олардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды өтеуге;
табиғи ресурстарды бекітілген тәртіп бойынша қолдануға;
оларды қорғау және іске асыру бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға;
қоршаған ортаны қорғау бойынша жиындарға, митингтерге, пикеттерге, шерулер мен демонстрацияларға, референдумдарға қатысуға;
қоғамдық экологиялық сараптама өткізу туралы ұсыныстарды енгізуге және оларға қатысуға;
қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарға хаттармен, шағымдармен, өтініштермен баруға және олардың қаралуын талап етуге;
кінәлі ұйымдарды, лауазымды тұлғалар мен азаматтарды жауапкершілікке тарту туралы мәселе көтеруге;
қоршаған ортаны қорғау бойынша заңнаманың бұзылуы салдарынан олардың денсаулығы мен мүлкіне келтірілген залалды өтеу туралы талаптарды сотқа ұсынуға;
занды тұлғалар мен басқа да тұлғаларға қоршаған ортаға кері әсер ететін шаруашылық және басқа да қызметтерді тоқтатуды талап етуге;
әкімшілік және сот тәртібінде экологиялық зиянды объектілерді орналастыру, салу, реконструкциялау, қолданысқа енгізу туралы рұқсатты жоюды талап етуге;
қоршаған ортаны қорғау бойынша қоғамдық бірлестіктер мен қорлар құруға;
заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілермен қарастырылған өзінің басқа да құқықтарын орнатылған тәртіп бойынша жүзеге асыруға құқылы;

Табиғатты пайдаланушылардың құқықтары заңмен қорғалады. Оларды ешкім айыра немесе шектей алмайды, тек заңда қарастырылған негіздемелер бойынша. Табиғатты пайдалану құқықтарын тоқтату - егер табиғатты пайдаланушы табиғатты пайдалану тәртібін өздігінен өзгертіп, осылайша қоршаған ортаға зиян келтірген жағдайда, табиғатты пайдалану бойынша сенімсіз ақпаратты ұсына отырып, тасталым объектілерін реттеу, ластаушы заттарды тастау және қалдықтарды орналастыру және т.б. бойынша қателіктер жіберген жағдайда жүзеге асады.

Табиғатты пайдалану құқықтарын тоқтатуға қажетті негіздемелер табиғатты пайдаланушыға тәуелді болуы мүмкін. Бұл:

табиғи ресурстарды пайдаланудан бас тарту;

кәсіпорынды жою;

табиғатты пайдаланушының дүниеден өтуі.

Табиғи ортаны қорғауға өкілетті мемлекеттік органдардың ыркы бойынша пайда болатын негіздемелер (жалпы сипатқа ие олардың тізімі сол немесе басқа табиғи ресурстарға қатысты толықтырылуы мүмкін):

табиғи ресурсты алу;

занды бұзумен, табиғи ресурстарды тиімсіз қолданумен, оны бекітілген мерзім ішінде игермеумен байланысты пайдалану құқығынан айыру;

салықтарды және басқа да заңды төлемдерді төлеуден ауытқу;

келесімшарт міндеттемелерін бұзу.

Бақылау сұрақтары.

1. Табиғатты пайдаланудың жалпы құқығының мазмұны. Табиғатты пайдаланудың түсінігі, формалары мен түрлері. Табиғатты пайдаланудың негізгі қағидалары.
2. Табиғатты пайдаланудың субъектілері мен объектілері.
3. Табиғатты пайдаланудың құқықтары мен міндеттері.

Сабақ № 6

Тақырып: Экологияны пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік реттеу.

Жоспар

1. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік реттеудің және басқарудың түсінігі, формалары, әдістері мен принциптері.
2. Экологияны пайдалану және қоршаған ортаны қорғауды реттеудің мемлекеттік органдарының жүйесі мен құзыреттіліктері.

1 сұрақ. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік реттеудің және басқарудың түсінігі, формалары, әдістері мен принциптері.

Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік реттеу ҚР экономикалық және экологиялық жүйелерін реттеу арқылы жүзеге асады. Егер мемлекеттің экологиялық жүйесін реттеу елдің басқарма қызметінде көрсетілген болса экономикалық қатынастарының жаңа жүйелерін іске асыру басым болған жағдайда, экологиялық жүйелерді реттеу экологиялық жүйелерді қолдауға және олардың тиімді қызмет етуіне қолайлы жаңдайларды қалыптастыруға арналған қажетті шаралардың жиынтығы болып табылады.

Экологиялық жүйені реттеу қоршаған ортаны қорғаумен тығыз байланысты болып келетін экологияны пайдалану басқармасымен жүзеге асады.

Экология саласында мемлекеттік реттеудің принциптері:

1. Адам өмірі мен денсаулығын сақтау алғышарттары, тұрғындардың өміріне қолайлы болу үшін қоршаған ортаны сақтау мен қалпына келтіру.
2. Табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік, мемлекетпен қадағаланатын жерге жеке меншік;
3. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамыту міндеттерін орындау кезінде қоғамды дамытудың экологиялық міндеттерін орындаудың үйлесімді шешімі.
4. Экологиялық ретпен қамтамасыз ету үшін экономикалық жағдай жасауды енгізу жолымен басқарудың экономикалық әдістерін қолдану;
5. Экологиялық мәселелерді шешуде азаматтарды, тұрғындарды, қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерін кеңінен тарту және олардың белсенді қатысуы.
6. Қоршаған ортаны қорғау басымдылықтарының принциптері;
7. Мемлекеттік реттеудің жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерімен үйлесу принциптері;

Мемлекеттік басқару формалары:

1. Құқықтық-шығарушылық – мемлекеттік органдармен нормативтік актілерді жасау және қабылдау;

2. Құқықтық-іске асырушылық – бұл басқару нормативтік актілерін жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттің қызметі;

3. Құқықты қорғау – мемлекеттік нормативті актілермен қарастырылған талаптарды бұзғандарға немесе орындамаған тұлғаларға жазалау шараларын қолдану бойынша мемлекеттің қызметі.

Мемлекеттік басқару әдістері:

1. Императивті әдіс – басқару шешімдерін одан қандай-да бір ауытқуларсыз нақтылы орындаудың міндетті жарлықтарының әдісі.

2. Ұсыну әдісі – мемлекеттік шешімдерді жүзеге асыру қандай-да бір жағдайларды ескерумен бірнеше түрде болуы мүмкін.

3. Мемлекеттік санкциялау әдісі – бұнда мемлекеттік емес мекемелердің шешімдері заңды күшке ие болады.

2 сұрақ. Экологияны пайдалану және қоршаған ортаны қорғауды реттеудің мемлекеттік органдарының жүйесі мен құзыреттіліктері.

ҚР экология сауалдары бойынша әртүрлі құзыреттіліктерге ие мемлекеттік мекемелердің кең шеңбері хабардар болады. Оларды 4 тоқа бөлуге болады:

1. Жалпы құзыреттілік мекемелері

Оларға: ҚР Президенті, ҚР Парламенті, жергілікті сайланған мекемелер, ҚР басқармасы, жергілікті атқару органдары жатады.

2. Арнайы құзыреттілік мекемелері

Оларға: мемлекеттік биліктің орталық атқарушы мекемелері жатады.

3. Сала аралық құзыреттілік мекемелері

Оларға: ҚР Санақ бойынша агенттігі, Қаржы министрлігі, ҚР Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі.

4. Функционалды мекемелер

Оларға: Көлік және байланыс министрлігі, Сауда және индустрия министрлігі, Атом энергетикасы бойынша комитет, ҚР Қорғаныс министрлігі жатады.

Бақылау сұрақтары.

1. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік реттеудің және басқарудың түсінігі, формалары, әдістері мен принциптері.

2. Экологияны пайдалану және қоршаған ортаны қорғауды реттеудің мемлекеттік органдарының жүйесі мен құзыреттіліктері.

Сабак № 7

Тақырып: Экологиялық бақылаудың ұйымдастырушылық-құқықтық түрлері. Жоспар

1. Экологиялық бақылау ұғымы мен түрлері.

2. Мемлекеттік экологиялық бақылаудың міндеттері, принциптері мен формалары.

1. Экологиялық бақылау ұғымы мен түрлері.

Экологиялық бақылау – бұл мемлекеттік бақылаудың бөлігі, табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны зиянды заттардан қорғауды тиімді қамтамасыз етудің аса маңызды құқықтық шарасы, мем.басқарудың функциясы, экологиялық құқықтың құқықтық институты.

Экологиялық бақылау түрлері:

- 1) Мемлекеттік
- 2) Ведомстволық
- 3) Өндірістік
- 4) Қоғамдық

2 сұрақ. Мемлекеттік экологиялық бақылаудың міндеттері, принциптері мен формалары.

Мем.экологиялық бақылаудың міндеті - табиғи ресурстарды тиімді пайдалану бойынша құқықтық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету және барлық мемлекеттік мекемелермен, кәсіпорындармен, Ұйымдармен және бұндай талаптар бағытталған азаматтармен ластанудан қоршаған ортаны қорғау болып табылады.

Мемлекеттік экологиялық бақылаудың принциптері:

1. Заңдылық принциптері, бұндай бақылауларды тек нормативті құқықтық актілермен анықталатын құзыреттіліктер мен өкілеттілік шегінде өкілетті мекемелер жүргізе алатындығымен байқалады.

2. Әділдік - бақыланатын объектінің қызметі туралы сенімді мәліметтерге негізделеді.

3. Шаруашылық және бақылау функцияларының бөліну принциптері мем.экологиялық бақылаудың арнайы өкілетті мекемелеріне тән.

Мем.экологиялық бақылаудың формалары:

1. Ескертушілік. Негізгі міндеті – болашақта табиғи ортаға зиянды әсер етуі мүмкін шаруашылық және басқа да қызметтерді болдырмау болып табылады.

2. Ағымдағы бақылау- табиғатты пайдалану үрдісі кезінде кәсіпорындар мен басқада экологиялық маңызы бар объектілерді қолдану сатысында арнайы өкілетті мекемелермен жүзеге асады.

Бақылау сұрақтары.

1. Экологиялық бақылауға анықтама беру.
2. Экологиялық бақылаудың түрлерін атап шығыңыз?
3. Экологиялық бақылаудың принциптерін атап шығыңыз?
4. Мемлекеттік бақылау формаларын атаңыз?

Сабак № 8

Тақырып: Экологиялық сараптама.

Жоспар

1. Экологиялық сараптама ұғымы.
2. Экологиялық сараптаманың мақсаттары мен міндеттері.
3. Экологиялық сараптаманың түрлері.
4. Экологиялық сараптаманың тәртібі мен өткізу мерзімдері.

1. Экологиялық сараптама ұғымы.

Шаруашылық және басқа да қызметтерді негіздейтін құжаттаманы дайындаудың аса маңызды кезеңі қоршаған ортаға әсер етуді бағалауды жүргізу болып табылады. (ҚОӘБ)

Экологиялық сараптама қоршаған ортаға және Республикамыздың табиғи ресурстарын тиімді пайдалануда пайда болуы мүмкін кері әсерге байланысты шаруашылық шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде экологиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Экологиялық сараптама ғылыми негізделген және қоғамдық маңызы зор тәртіп ретінде шет елде 60-жылдар соңында «Қоршаған ортаға әсер етуді бағалаудың қажеттілігі туралы» концептісі негізінде мақсатты түрде дами бастады.

18 наурыз 1997 жылдың «Экологиялық сараптама туралы» ҚР заңы экологиялық сараптама саласында қарым-қатынастарды реттейтін және заңды күшке ие бірінші нормативті акт болып табылады.

Экологиялық сараптаманың мәні – ол шаруашылық шешімдердің, қызметтер мен оның нәтижелерінің қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкестігін алдын-ала тексеру түрінде жүзеге асуы мүмкін.

2. Экологиялық сараптаманың мақсаттары мен міндеттері.

Экологиялық сараптаманың мақсаттары:

1. Жоспарланған басқару, шаруашылық және инвестициялық қызметтерді жүзеге асыруда тұрғындардың денсаулығы мен қоршаған ортаға болуы мүмкін жағымсыз жағдайлардың алдын алу.
2. Шешімдерді қабылдау алдындағы кезеңдерде, сондай-ақ құрылыс пен жүзеге асыру үрдісі кезінде жоспарланған басқару, шаруашылық және инвестициялық және басқа қызметтердің экологиялық талаптарына сәйкес келу бағасы.
3. Өндірістік күштерді орналастыру мен дамыту салдарынан сараптамалық жағдайды қамтамасыз ету.

Экологиялық сараптаманың міндеттері:

1. Сараптама объектілерінде жоспарланған басқару, шаруашылық және басқа да қызметтердің қоршаған орта мен адам денсаулығына ықпалын бағалауды орындалуының толықтығы мен дұрыстығын, сонымен қоса болуы мүмкін әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салдарды анықтау.
2. Жан-жақты ғылыми негізделген талдаулар ұйымдастыру және басқару, шаруашылық және басқа да қызметтердің қоршаған орта мен тұрғындар денсаулығына әсер етуіне баға беру.
3. ҚР заңдарында, ҚР территориясында әрекет ететін стандарттарда, нормалар мен актілерде қарастырылған экологиялық талаптардың сараптамалық құжаттарының жүргізілуін тексеру.

4. Экологиялық сараптаманың қортындысын дайындау, оларды сараптама объектісін іске асыру туралы шешім қабылдайтын ұйымдарға беру және мүдделі органдар мен тұрғындарға қажетті ақпаратты таныстыру.

3. Экологиялық сараптаманың түрлері:

Экологиялық сараптаманың екі түрі болады.

А) Мемлекеттік. Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізуге министрліктер, мемлекеттік комитеттер, мемлекеттік сараптаманы өткізуге тартылатын басқа да орталық мекемелер тартылуы мүмкін.

Б) Қоғамдық. Қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізуге қоғамдық экологиялық ұйымдар, ғылыми мекемелер және олармен жасалатын экологиялық-сараптамалық мекемелер, сондай-ақ жеке тұлғалар тартылады.

4. Экологиялық сараптаманың тәртібі мен өткізу мерзімдері.

Мемлекеттік экологиялық сараптама тәртібі келесілерді қамтиды:

- 1) Тіркеу, мәлімдеме
- 2) Алдын-ала сараптау;
- 3) Сараптаманың негізгі сатысы (қажетті деңгей, материалдарды аналитикалық өңдеу, арнайы талдаулар жүргізу).
- 4) Жеке сараптамалық бағалар мен нәтижелердің жалпы қорытындысын шығаратын сараптаманың қорытынды сатысы.

Экологиялық сараптаманы өткізудің мерзімдері:

Мемлекеттік экологиялық сараптама үшін мерзімдер 3 айдан аспау керек, ұзартылған жағдайда 6 айдан көп болмауы тиіс.

Жобалық құжаттаманың экологиялық сараптаманың жақсы қорытындысы берілген күннен бастап құрылысты бастарға дейін мерзімі 2 жылға дейін заңды күшке ие болады, ал қызмет ететін және салынып жатқан кәсіпорындардың құжаттамасы 5 жылға дейін жарамды.

Бақылау сұрақтары.

1. Экологиялық сараптама дегеніміз не?
2. Экологиялық сараптаманың түрлерін атап шығыңыз?
3. Экологиялық сараптаманың негізгі мақсаттары мен міндеттері?
4. Экологиялық сараптама қалай жүргізіледі?

Сабак № 9

Тақырып: Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік.

Жоспар

1. Жауапкершілік ұғымы
2. Экологиялық құқық бұзушылықтарға заңды жауапкершіліктердің түрлері.

1 сұрақ. Жауапкершілік ұғымы

Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етудің аса маңызды құралдарына экологиялық заңнама нормаларын бұзғандығы үшін заңды жауапкершілік жатады.

Кез-келген заңды жауапкершілік тәрізді, бұл жеке тұлғаның өзінің заңсыз әрекетінен жағымсыз салдарға душар болуымен байланысты жазалау шараларын қолданумен құқық нормаларын сақтауға мемлекеттік мәжбүрлеудің формасы болып табылады.

Қарастырылатын жауапкершіліктің негіздері- табиғатты пайдалану мен қоршаған табиғи ортаны қорғау салаларында құқық бұзушылықтар болып табылады.

Табиғи объектілерге қатысы бар құқық бұзушылықтар экологиялық болып саналады.

Берілген саладағы құқық бұзушылықтар 2 негізгі түрге бөлінеді:

1. Табиғи ресурстар мен табиғатты пайдаланушылардың жеке меншік иелерінің құқықтары мен заңды мүдделеріне қол сұғылатын тәртіп бұзушылықтар.

2. Қоршаған табиғи ортаға немесе жеке табиғи объектілерге – жер, ормандар, сулар, жер қойнауы, тіршілік әлеміне және т.б. қарсы бағытталған тәртіп бұзушылықтар.

Экологиялық құқық бұзушылықтар – бұл табиғатты қорғау заңнамасын бұзатын және қоршаған табиғи орта мен денсаулыққа зиян келтіретін қылмысты құқық бұзушылық әрекеттер.

Экологиялық құқық бұзушылықтың субъектісі – азаматтар мен заңды тұлғалар болуы мүмкін. Кейбір құрамдарда экологиялық құқық бұзушылықтармен, басқару қызметтерін орындайтын арнайы субъектілер – лауазымды тұлғалар қарастырылған.

2 сұрақ. Экологиялық құқық бұзушылықтарға заңды жауапкершіліктердің түрлері.

- 1) Экологиялық құқық бұзушылықтарға тәртіптік жауапкершілік – бұл жұмысшыға тәртіптік жаза түрінде қолданылатын жазалау шаралары.
- 2) Материалды жауапкершілік жұмысшылардың бекітілген ретте белгілі бір шамада мүліктік зиянның орнын толтыру міндеті болып табылады.
- 3) Әкімшілік жауапкершілік – бұл азаматтардың, лауазымды тұлғалардың, заңды тұлғалардың құқық бұзушылықты жасағаны үшін заңды жауапкершіліктің бір түрі.
- 4) Азаматтық-құқықтық жауапкершілік – бұл құқық бұзушылыққа дейінгі жағдайды (моральдық залалдарды өтеу) қалпына келтіру мақсатында азаматтық құқықтар мен міндеттерді бұзушыларға мәжбүрлі түрде қолданылатын мүлкіктік сипаттағы шаралар жүйесі.
- 5) Қылмыстық жауапкершілік. Қылмыстық жауапкершіліктің негізі болып қылмыс жасау яғни ҚР ҚК 3 бетінде қарастырылған қылмыстардың барлық белгілерін қамтитын іс-әрекеттер болып табылады.

Бақылау сұрақтары.

1. Жауапкершілікке анықтама беріңіз?
2. Құқық бұзушылықтардың түрлерін атап шығыңыз.
3. Экологиялық құқық бұзушылықтардың субъектісі кім болып табылады?

4. Экологиялық құқық бұзушылықтар үшін заңды жауапкершілік түрлерін атаңыз?

Сабақ № 10

Тақырып: Тұрғындар мен қоршаған ортаға келтірілген шығындарды экономикалық бағалау.

Жоспар

1. Қоршаған ортаға келтірілген шығындарды экономикалық бағалау тәртібі.
2. Шығындарды экономикалық бағалаудың тікелей әдісі
3. Шығындарды экономикалық бағалаудың жанама әдісі

1. Қоршаған ортаға келтірілген шығындарды экономикалық бағалау тәртібі.

1. Қоршаған ортаға келтірілген шығындарды экономикалық бағалау – қоршаған ортаны қалпына келтіруге және табиғи ресурстардың тұтынушылық қасиеттеріне қажетті шығындардың құндық көрінісі.
2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы өкілетті органдардың лауазымды тұлғалары қоршаған ортаға залал келтіру фактісі болған күннен бастап айлық мерзім ішінде қажетті материалдарды жинақтау мен талдауды жүргізеді және келтірілген залалдың экономикалық бағасын орнатады.
3. Бекітілген нормативтерден тыс атмосфералық ауа мен су ресурстарының ластануынан, сондай-ақ өндірістік және тұтыну қалдықтарын, соның ішінде бекітілген нормативтерден тыс радиоактивті заттарды орналастырудан болатын шығындарды экономикалық бағалау Қазақстан Республикасы Өкіметімен бекітілетін ережелерге сәйкес тікелей және жанама әдістермен анықталады.

2. Шығындарды экономикалық бағалаудың тікелей әдісі

1. Шығындарды экономикалық бағалаудың тікелей әдісі қоршаған ортаны қалпына келтіруге, деградацияланған табиғи ресурстарды толықтыруға және аса нәтижелі инженерлік, ұйымдастырушылық-техникалық және технологиялық іс-шаралардың көмегімен тірі ағзаларды сауықтыруға қажетті нақтылы шығындарды анықтаудан тұрады.
2. Қоршаған ортаны қорғау саласында өкілетті органдардың лауазымды тұлғаларымен бірінші кезекте қоршаған ортаға шығын келтірген тұлғамен қоршаған ортаны қалпына келтіру бойынша іс-шараларды жүзеге асыру мүмкіндігі қаралады. Қоршаған ортаны қалпына келтіру бойынша іс-шараларды өткізудің сәйкес міндеттемелері қоршаған ортаға зиян келтірген тұлғаның кепілдік хатында, оларды өткізудің нақтылы іс-шаралары мен мерзімдерін көрсетумен баяндалады.
3. Залалдың салдарын жою бойынша шаралар құны олардың нарықтық құны бойынша анықталады.
4. Тікелей әдістермен залалды экономикалық бағалау кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы өкілетті органдардың лауазымды тұлғалары тәуелсіз сарапшыларды тартуы мүмкін. Сарапшылар ретінде экологиялық аудиторлар, жобалық, инженерлік және ғылыми ұйымдардың мамандары болуы мүмкін.

5. Тәуелсіз эксперттердің жұмысын төлеу бойынша міндеттемелер қоршаған ортаға зиян келтілген тұлғаларға жүктеледі.

3. Шығындарды экономикалық бағалаудың жанама әдісі

1. Шығындарды экономикалық бағалаудың жанама әдісі шығындарды экономикалық бағалаудың тікелей әдісі қолданылуы мүмкін емес болған жағдайларда қолданылады.

2. Шығындарды жанама әдіспен экономикалық бағалау қоршаған ортаға әр ингредиент бойынша залалды қосу жолымен қоршаған ортаға әсер ету түрлеріне байланысты анықталады.

Бақылау сұрақтары.

1. Қоршаған ортаға келтірілген шығындарды экономикалық бағалау тәртібі.

2. Шығындарды экономикалық бағалаудың тікелей әдісі?

3. Шығындарды экономикалық бағалаудың жанама әдісі?

Сабақ № 11

Тақырып: Жерлерді пайдалану мен сақтаудың экологиялық – құқықтық тәртібі.

Жоспар

1. Жер табиғи орта мен қорғаудың аса маңызды бөлігі ретінде

2. Табиғи-ресурсты кадастрлер ұғымы, жалпы сипаттамасы.

1 сұрақ. Жер табиғи орта мен қорғаудың аса маңызды бөлігі ретінде

«Жер» ұғымы көпмағыналы және әртүрлі мағынада: мемлекеттің территориясы, планета, табиғи ресурс және т.б. қолданылады. Заңды тұрғыдан алып қарағанда, жер 2 негізгі аспектілерде қызығушылық тудырады:

1) Жердің экономикалық мәні - оның адамның тіршілік әрекетінің қажетті жағдайы, еңбек үрдісінің заттық факторы, ауыл шаруашылық және орман шаруашылығында өндірістің басты құралы болып табылады.

2) Жердің экономикалық мәні – адамзат қоғамының тіршілік етуі мен өндірісінің негізі, табиғи ортаның компоненттері арасында байланысты жүзеге асыратын жер шары биосферасының басты түйіні болып табылады.

Жерге қатысты қарым-қатынастар, яғни оны тиімді пайдалану мен қорғауға байланысты топырақтың құнарлылығын өндіру, табиғи ортаны жақсарту және азаматтар мен ұйымдардың жерге қатысты құқықтарын қорғау мақсатында жүзеге асады.

Жерлердің мониторингісі.

ЗК 159 бабына сәйкес жерлердің мониторингісі - болып жатқан өзгерістерге әсер ету, оларға баға беру, ары қарай даму болжамдары мен жағымсыз үрдістер салдарының алдын алу және жою мақсатында базалық, жедел, мезгіл сайынғы, жер қорының сандық және сапалық жағдайын бақылаудың жүйесі болып табылады.

Жерлердің мониторингісі қоршаған табиғи орта жағдайы мониторингісінің құрамдық бөлігі және сонымен бірге басқа да табиғи ортының мониторингісін жүргізуге база болып табылады.

Жерлер мониторингісінің объектілері болып жерлердің қызметі мен мақсатты түрде пайдалану сипатына орай, жерге деген меншік формаларына қарамастан ҚР барлық жерлері.

2 сұрақ. Табиғи-ресурсты кадастрлер ұғымы, жалпы сипаттамасы.

Кадастр – француз тілінен ауларғанда, мезгіл сайын немесе сәйкес объектіні үдіксіз бақылау жолымен құрылатын мәліметтер жиынтығы.

Мемлекеттік жер кадастры – ҚР жерлерінің, тұрғылықты орындардың, жер учаскелерінің өлшемдері мен шекараларының табиғи және шаруашылық жағдайы, олардың сапалық сипаттамасы, жерді пайдаланудың есебі мен жер учаскелерінің кадастрлік бағасы және басқа да мәселелер туралы мәліметтер жүйесін қамтиды.

Мемлекеттік жер кадастры аэро -фото- топографиялық, фотограмметриялық, кадастрлік түсірілімдер, жобалық-іздістіру, картографиялық бағалау жұмыстарын, топырақты және геоботаникалық және т.б. жұмыстарды жүргізу есебінен жүзеге асады.

Мемлекеттік жер кадастрының мәліметтері жерлерді қолдану мен қоғауды жоспарлау кезінде, жерге қоныстандыруды, шаруашылық бағалауды және т.б. шараларды өткізу кезінде негіз болып табылады.

Бақылау сұрақтары.

1. Жер табиғи орта мен қорғаудың маңызды бөлігі ретінде.
2. «Табиғи-ресурсты кадастрлерге» анықтама беріңіз.
3. Мемлекеттік жер кадастрінің негізі не болып табылады?

Семинар №1.

Тақырып: Жерлерді пайдалану мен сақтаудың экологиялық – құқықтық тәртібі.

1. Жер табиғатты пайдалану мен қорғаудың объектісі ретінде.
2. Мемлекеттік жер қорының құрамы.
3. Жерлерді пайдаланудың экологиялық-құқықтық тәртібін мемлекеттік реттеудің ерекшеліктері?
4. Жерлерді пайдалану құқығының субъектілері.
5. Жерлерді пайдалану құқығының мазмұны.
6. Жерлерді құқықтық қорғау.

Сабак № 12

Тақырып: Суларды пайдалану мен қоғаудың экологиялық – құқықтық тәртібі.

Жоспар

1. Табиғи ортаның бөлігі ретінде сулардың ұғымы.
2. Су қорының ұғымы мен құрамы.
3. Мемлекеттік су кадастры.

1 сұрақ. Табиғи ортаның бөлігі ретінде сулардың ұғымы.

Сулар қоршаған табиғи ортаның бөлігі тәрізді – ғаламшарда жануарлар мен өсімдіктер әлемі өмірінің табиғи жағдайын қамтамасыз ететін, адамзаттың тіршілік әлемінің және қоғамның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық саулығының негізі болып табылатын Жер биосферасының таптырмайтын компоненті.

Сулар жаңартылатын, алайда шектеулі осал табиғи ресурс болып табылады, сондықтан да экологиялық заң олардың тиімді пайдалануын және жан-жақты қорғалуын реттейді. Су объектісі - құрлық бетінде оның рельеф формаларында немесе жер су режимі көлемі мен бөлігінің шекаралары бар жер қойнауларында сулардың шоғырлануы болып танылады.

Су жағдайын реттейтін заң ҚР Конституциясының нормаларына базаланады және Су кодексінен және т.б. нормативті актілерден тұрады.

ҚР СК – су объектілерінде, құрлықтың жоғарғы жағындағы рельефтерде және жер қойнауларында жинақталған, шекаралары, көлемі мен су режимі бар барлық сулардың жиынтығы.

2 сұрақ. Су қорының ұғымы мен құрамы.

Құқықтық тәртібі су заңымен реттелетін су объектілері физика-географиялық, гидротәртіптік және т.б. белгілеріне байланысты бірнеше түрге бөлінеді:

- Үстінгі су объектілері, олардың үстінгі сулар мен сол сулармен жабылған және солармен жалғасатын жерлерден тұрады. Бұл үстінгі су ағыстары (өзендер, бұлақтар, каналдар); үстінгі су айдындары (көлдер, су қоймалары, батпақтар мен тоғандар), сондай-ақ мұздықтыр мен қарлар (мұз бен қардың табиғи және үздіксіз жиналуы);

- ішкі теңіз сулары (теңіздер, бұғаздар мен шығанақтар);

- жер асты су объектілері (жер асты суларының бассейндері, су іріккіш көкжиектер, жер асты суларының табиғи шығу жолдары).

3 сұрақ. Мемлекеттік су кадастры.

Су кадастрын жүргізу реті ҚР СК 59 бабымен реттеледі, сонымен қатар 1995 жылдың қаңтардың 24-де Министрлер Кабинетімен бекітілген «Мемлекеттік су кадастрын жүргізу ретіне» сәйкес жүзеге асады.

Мемлекеттік су кадастры ҚР бірыңғай су қорын құрайтын сулардың жағдайы, қолданысы және сақталуы туралы жүйеленген, үнемі толықтырылып отыратын нақтыланған мәліметтер жинағы.

Кадастр сандық және сапалық көрсеткіштер, су пайдаланушыларды тіркеу бойынша сулардың есеп мәліметтерін, сондай-ақ сулардың пайдаланылуы туралы ақпараттарды қамтиды және 3 бөлімнен тұрады:

- 1) Үстінгі сулар
- 2) Жер асты сулары
- 3) Пайдаланылған сулар

Мемлекеттік су кадастрының негізгі міндеті болып экономика саласын су объектілері, су ресурстары, суды қолдану сапасы және суды пайдалану туралы қажетті мәліметтермен қамтамасыз ету болып табылады.

Бақылау сұрақтары.

1. Табиғи ортаның бөлігі ретінде су ұғымы?
2. Су фондының ұғымы мен құрамы.
3. Мемлекеттік су кадастры және оның міндеттері.

Семинар №2

Тақырып: Суларды пайдалану мен қоғаудың экологиялық – құқықтық тәртібі.

1. Қолдану мен сақтау объектісі ретінде сулардың негізгі функцияларының сипаттамасы.
2. Суды пайдаланудың экологиялық-құқықтық тәртібін мемлекеттік реттеудің ерекшеліктері.
3. Суды пайдаланудың ұғымы мен түрлері.
4. Суды пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері.
5. Суларды қорғау бойынша негізгі бағыттар мен іс-шаралар.
6. Су заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік.

Сабак № 13

Тақырып: Атмосфералық ауаны экологиялық – құқықтық қорғау.

Жоспар

1. Атмосфералық ауа құқықтық қорғаудың объектісі ретінде.
2. Атмосфералық ауаның құқықтық қорғалуының мазмұны.
- 3 Атмосфералық ауаны қорғау саласында Мемлекеттік есеп пен бақылау

1 сұрақ. Атмосфералық ауа құқықтық қорғаудың объектісі ретінде.

Атмосфералық ауа биологиялық ағзалар, адамдар үшін өмірлік маңызы зор қоршаған табиғи ортаның элементі болып табылады және ол космостық сәулеленуден қорғау үшін, ғаламшардың белгілі бір жылу балансын ұстап тұру, климатты анықтау үшін қызмет етеді.

Экологиялық функциялармен қатар атмосфералық ауа аса маңызды экологиялық функцияларды атқарады, өйткені ол өндірістік үрдістердің, адамдардың энергетика, көлік және т.б. қызметінің таптырмайтын элементі болып табылады. Өнеркәсіптің қарқынды дамуы, қалалардың өсуі, транспорттық құралдар санының ұлғайюы, жер төңірегіндегі кеңістікті белсенді түрде игеру атмосфераның газдық құрамының өзгеруіне, әртүрлі ластанулардың жинақталуына (тозаңды, химиялық, электромагнитті және т.б.), атмосфераның негізгі қабатының бүлінуіне, оның табиғи балансының бұзылуына әкеп соғады.

Бұның барлығы экономикаға, адамдар денсаулығына, табиғи ортаға айтарлықтай зиян келтіреді, және атмосфералық ауаға антропогенді әсер етуді реттеу қажеттілігін тудырады.

Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу ҚР «Атмосфералық ауаны қорғау туралы» заңмен, 21.03.96 жылы қабылданған «ҚР экологиялық қауіпсіздік концепциясымен» жүзеге асады. Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау заңмен бекітілген шаралар жүйесін қамтиды. Ол тұрғындарға, халық шаруашылығына, өсімдіктер мен тірі әлемге жағымсыз салдарды тудыруы мүмкін атмосфераға химиялық, физикалық, биологиялық және т.б. зиянды әсер етулердің алдын- алып және төмендететін атмосфералық ауаның тазалықта сақталуы мен жағдайының жақсаруына бағытталады.

2 сұрақ. Атмосфералық ауаның құқықтық қорғалуының мазмұны.

Атмосфералық ауаның құқықтық қорғалуының мазмұны іс-шаралар кешенін құрайды, олардың ішінде негізгілері болып:

- атмосфералық ауаны қорғау саласында нормативтерді есепке алу, бақылау, бекіту, атмосфералық ауаға зиянды әсер етудің көздерімен экологиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ халық орналасқан пункттердің, өнеркәсіптік аймақтардың атмосфералық ауаны сақтау нормалары мен ережелерін ескере отырып ұйымдастыру.

3 сұрақ. Атмосфералық ауаны қорғау саласында Мемлекеттік есеп пен бақылау

Атмосфералық ауаны қорғауды реттеудің негізі - заңмен қарастырылған атмосфераға зиянды әсер етудің, сондай-ақ сондай әсер ететін объектілердің мемлекеттік есебі болып табылады.

Атмосфералық ауаға зиянды әсер етудің көздері: стационарлық және қозғалмалы болып бөлінеді, бұл олардың әсер ету үрдісі кезінде атмосфералық ауаны қорғаудың құқықтық реттеу ерекшеліктерін білдіреді.

Атмосфералық ауаның жағдайы, оның өзгеруін бақылау химиялық, физикалық, биологиялық көрсеткіштері бойынша табиғи ортаның ластану деңгейін бақылау мен тексерудің жалпы мемлекеттік қызметімен жүзеге асады.

Ақпаратты жинақтау, сақтау, жалпылау, талдау:

1. онымен мүдделі ұйымдарды қамтамасыз ету мақсатында;
2. атмосфералық ауаның ластану деңгейі туралы болжамдар құру үшін жүргізіледі.

Бақылаулар (мониторинг) гидрометеорология, қоршаған ортаны қорғау, санитарлы – эпидемиологиялық бақылаулар бойынша ҚР арнайы құзыретті мекемелерімен жүзеге асады. Атмосфералық ауаны қорғау бойынша мемлекеттік бақылау барлық мем.органдармен, мекемелермен, ұйымдар және азаматтармен атмосфералық ауаны қорғау, атмосфераға зиянды әсер ету жағдайлары, сонымен қатар басқа да, атмосфералық ауаны қорғау бойынша заңнамамен бекітілген ережелерді сақтау мақсаттарына ие.

Ол санитарлы – эпидемиологиялық бақылаулардың мем.мекемелерімен, газ тазартқыш пен шаң жинаушы қондырғыларының жұмысын бақылау бойынша органдармен, жол қозғалысы қауіпсіздігінің мекемелерімен, қоршаған ортаны қорғау және т.б. органдармен жүзеге асады.

Атмосфералық ауаның жағдайын бағалау үшін оның сапасының стандарттары қарастырылған – атмосфералық ауада ластаушы заттардың рұқсат етілген концентрацияларының нормативтері мен атмосфераға зиянды физикалық әсер етудің рұқсат етілген деңгейлерінің нормативтері.

Ластаушы заттардың атмосфераға тасталуы құзыретті мекемелермен берілетін рұқсатнама негізінде жіберіледі. Рұқсатнамада ластаушы заттар тасталуының ПД нормативтері, сондай-ақ басқа да жағдайлар мен талаптар қарастырылады.

Көрсетілген талаптарды бұзу кезінде кәсіпорындар, ұйымдар, жеке цехтер мен қондырғылардың қызметі келесідей болуы мүмкін:

1. Тоқтатылады.
2. Шектеледі
3. Тиым салынады

Заң қалалар мен халық орналасқан пункттерде атмосфералық ауаны қорғау туралы арнайы қағидаларды қамтиды.

Бақылау сұрақтары.

1. Атмосфералық ауа қорғау объектісі ретінде.
2. Атмосфералық ауаны құқықтық қорғаудың мазмұны.
3. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік есеп және бақылау.

Семинар № 3

Тақырып: Атмосфералық ауаны экологиялық – құқықтық қорғау.

1. Атмосфералық ауа экономикалық қатынастардың объектісі ретінде.
2. Атмосфераның ластануының көздері мен құрамы.
3. Атмосфераның ластануының салдары.
4. Озон дағдарысы қазіргі заманның аса өзекті мәселелерінің бірі.
5. Атмосфералық ауаны қорғауды мемлекеттік бақылау.
6. Атмосфералық ауаны қорғау бойынша заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік.

№ 14 сабақ

Тақырыбы: Жер қойнауларын пайдалану мен қорғаудың экологиялық – құқықтық режимі.

Жоспар

1. Жер қойнаулары қорының ұғымы мен құрамы.
2. Жер қойнауларына жеке меншік құқығы.

1 - сұрақ. Жер қойнауларының ұғымы мен құрамы.

Жер қойнаулары – бұл топырақ қабатынан төмен, ал оның болмауы кезінде – геологиялық зерттеуге және меңгеруге қол жетімді жер беті мен су айдындарының түбінен төмен орналасқан жер қыртысының бөлігі. Жер қойнауларының құндылығы олардың пайдалы қазбаларды білдіруіне, сонымен қатар жер асты суларының, соның ішінде минералды сулардың, терең жылудың болуына негізделеді, тарих мен мәдениет естеліктерін сақтайды, әртүрлі нысандар мен құрылыстарды орналастыру, өндірістік қалдықтарды, радиоактивтік заттарды көму және т.б. үшін кеңістік базисі ретінде қолданылады.

2- сұрақ. Жер қойнауларына жеке меншік құқығы.

ҚР территория шекараларындағы жер қойнаулары (жер асты кеңістігін және онда болатын пайдалы қазбаларды, энергетикалық және басқа да қорларды қосқанда) мемлекеттік меншік болып табылады.

Бұл жер қойнауларының азаматтық айналымнан алынғандығын білдіреді. Жер қойнауларының учаскелері келісім заты бола алмайды (сатып алу-сату, сыйға беру, салым, кепілдік, мұра) немесе басқа формада иеліктен шығарылмайды. Тек жер қойнауларын пайдалану құқығының айналымына рұқсат беріледі. Жер қойнауларынан алынған пайдалы қазбалар мен басқа да қорларға қатысты айтар болсақ, әртүрлі субъектілердің – мемлекеттің, азаматтардың, заңды тұлғалардың жеке меншігінде болуы мүмкін материалдық құндылықтарды білдіреді.

3-сұрақ. Жер қойнауларын пайдалану құқығының ұғымдары мен түрлері.

Жер қойнауларын пайдалану құқығы – бұл жер қойнауларын беру мен пайдаланудың тәртібі мен шарттарын, жер қойнауларын пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін құқықтық нормалардың жүйесі. Жер қойнауларын пайдаланудың субъектілері үшін – бұл құқықтар жер қойнаулары учаскелерін пайдалануға берумен байланысты олармен алынатын нақтылы құқықтар мен міндеттердің жиынтығын білдіреді.

Жер қойнауларын пайдалану мақсаттарына байланысты келесі түрлерге бөлінуі мүмкін:

- геологиялық зерттеулер үшін;
- пайдалы қазбаларды барлау және өндіру үшін;
- жер асты құрылыстарын салу мен пайдалау үшін;
- ерекше қорғалатын геологиялық объектілерді қалыптастыру үшін;
- минералогиялық, палеонтологиялық және басқа да геологиялық коллекциялық материалдарды жинақтау үшін.

Жер қойнауларын пайдаланушылар жеке меншік формасына қарамастан кәсіби қызметтің кез-келген субъектісі, соның ішінде заңды тұлғалар және басқа мемлекеттердің азаматтары болуы мүмкін.

Бір ерекшелігі, жер қойнауларын радиоактивтік шикізаттармен қамтамасыз ету және радиоактивтік қалдықтар мен улы заттарды көму үшін – бұндай құқықтың субъектілері тек мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар бола алады. Жер қойнауларын пайдаланушыларға немесе олармен пайдалануға тартылатын тұлғаларға мемлекеттік лицензиямен расталған арнайы біліктіліктің болуы туралы талаптар қойылады.

Жер қойнауларын пайдалану құқығының объектілері – субъектілермен пайдалануға берілетін заңды тәртіппен оқшауланған жер қойнауларының учсакелері.

3 сұрақ. Жер қойнауларының мемлекеттік кадастрі.

Жер қойнауларының кадастріні ұйымдастыру бірнеше түрге ие:

- бұл Кен орындарының кадастрі;
- зиянды қалдықтарды көму кадастрі;
- Техногендік минералды түзілімдердің кадастрі.

Берілген кадастрлердің жалпы сипаттамасы «Жер қойнаулары және жер қойнауларын пайдалану туралы» ҚР Президенті Бұйрығының 59, 60, және 61 баптарында беріледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Жер қойнауларының ұғымы мен құрамы.
2. Жеке меншік құқықтары мен жер қойнаулары.

Семинар №4

Тақырыбы: Жер қойнауларын пайдалану мен қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі.

1. Пайдалану және қорғау объектісі ретінде жер қойнауларының сипаттамасы.
2. Жер қойнауларының мемлекеттік қорының ұғымдары мен құрамы.
3. Мемлекеттік жер қойнауларын басқарудың ұғымдары, органдары мен негізгі функциялары.
4. Жер қойнауларының мемлекеттік қорларын пайдалану құқығы?
5. Жер қойнауларын пайдаланушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері.
6. Жер қойнауларын қорғау бойынша негізгі талаптар.
7. Жер қойнаулары туралы заңнаманы бұзу жауапкершілігі?

Сабак № 15

Тақырыбы: Ормандарды пайдалану мен қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі.

Жоспар

1. Орман қатынастарын құқықтық реттеу.
2. ҚР орман экожүйелерінің мониторингісі.
3. ҚР мемлекеттік орман кадастрі.

1 сұрақ. Орман қатынастарын құқықтық реттеу.

Орман – бұл орман шаруашылығының, жердің, жануарлар әлемінің, аса маңызды экологиялық, экономикалық және әлеуметтік маңызы бар қоршаған ортаның басқа да компоненттерінің жиынтығы.

Ормандар жер биосферасының құрамды бөлігі ретінде:

1. климаттүзуші;
2. ортаны қорғаушы;
3. санитарлық функцияларды атқарады.

Олар су және жер қорларын сақтауда үлкен рөл ойнайды, көптеген жануарлар түрлерінің сақталуының орны қызметін атқарады, сонымен қатар химиялық атмосфералық ластануларды белсенді түрде тазартады, таза ауа мен атмосфераны оттегімен толықтырудың резерві болып табылады.

Халық шаруашылығы мен тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажетті ағаш пен кез-келген басқа да орман өнімінің көзі бола отырып, ормандар маңызды экономикалық функцияларды орындайды. Өсіп келе жатқан урбандалу, шаруашылық қызмет масштабтарының ұлғаю жағдайларында олардың адам өміріндегі сауықтыру, ғылыми-танымдық және эстетикалық мәні арта түседі.

Сондықтан ҚР өкіметінің экологиялық саясаты ормандарды дүниежүзілік қорғауды қамтамасыз етуді, оларды тиімді пайдалану мен іске асыруды қарастырады.

Орман заңнамасы жүйесінде базалық нормативтік акт ретінде 08.07.2003 ж. қабылданған «ҚР Орман кодексі» болып табылады. ҚР орман кодексінде ҚР территориясында орналасқан барлық ормандар, сондай-ақ орман өсімдіктерімен жабылмаған, бірақ орман шаруашылығының қажеттіліктеріне арналған орман қорының жерлері ҚР орман қорын құрайды. Орман қоры мемлекеттік және жеке орман қорынан (6-бет) тұрады. 7-бапқа сәйкес ҚР Мемлекеттік қоры мемлекеттік меншік объектілеріне жатады, және республикалық меншікте болады.

2. ҚР орман экожүйелерінің мониторингісі

Орман Кодексінің 61-бабына сәйкес ормандардың Мемлекеттік мониторингісі орман қорларын қорғау және ормандарды өндіру, орман қорларын пайдалану, ормандардың биологиялық көптүрлігі мен экологиялық функцияларын сақтау саласында мемлекеттік басқару мақсаттарында орман қорларының жағдайы мен динамикасын бақылау, бағалау және болжау жүйесін білдіреді.

Орман мониторингісінің мақсаттары:

- Орман қоры туралы үнемі жаңарып отыратын ақпараттарды алу;
- Орман ресурстарын көп мақсатта қолдану;
- Табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен орман экожүйелерінің жағдайларының өзгеруін болжау;
- Ормандарды пайдалану, іске асыру, сақтау және қорғау саласында нәтижелі басқару.

Орман мониторингісі орман шаруашылығының органдарымен яғни ҚР ауыл шаруашылығының орман және аң шаруашылығы Министрлігімен және оның территориялық бөлімшелерімен жүзеге асады.

Орман экожүйелерінің мониторингісі бақылаудың жер үсті және дистанциялық бақылаулары көмегімен жүргізіледі.

3. ҚР Мемлекеттік орман кадастры.

ҚР Мемлекеттік орман кадастры ҚР Орман кодексіне (ОК 60-бабы) және 1993 ж. қарашаның 30 күні ҚР министрлер Кабинетінің қаулысымен бекітілген ҚР мемлекеттік орман кадастрын жүргізу тәртібі туралы Ережеге сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік орман кадастры:

1. Орман қорының құқықтық режимі туралы мәліметтер жүйесінен
2. Оны иелері бойынша бөлуден;
3. Орман қорының сандық және сапалық жағдайынан;
4. Ормандардың қорғаныш категорияларына бөлінуінен;
5. орман ресурстарын экономикалық бағалау және орман шаруашылығын жүргізуге қажетті басқа да мәліметтерден және шаруашылық қызмет нәтижелерін бағалаудан тұрады.

Бақылау сұрақтары.

1. Орман қатынастарын құқықтық реттеу.
2. ҚР орман экожүйелерінің мониторингісі.
3. ҚР мемлекеттік орман кадастры.

Семинар № 5

Тақырып: Ормандарды пайдалану мен сақтаудың экологиялық-құқықтық тәртібі

1. Орман пайдалану және сақтау объектісі ретінде.
2. Мемлекеттік орман қорының ұғымы мен құрамы.
3. Орманды пайдаланудың экологиялық-құқықтық режимді мемлекеттік реттеудің ерекшеліктері, ұғымдары, органдары.
4. Орман қорын басқару функциялары.
5. Орманды пайдалану құқығы, оның түрлері.
6. Ормандарды құқықтық қорғау, орман қорғанысын ұйымдастыру.
7. Орманды бұзғаны үшін жауапкершілік.

Сабақ № 16

Тақырыбы: Жануарлар әлемін қорғаудың, қайта өндірудің және пайдаланудың экологиялық-құқықтық режимі.

Жоспар:

1. Жануарлар әлемінің құқықтық қорғау және пайдалану объектісі ұғымы.
2. Жануарлар әлемін қорғау, қайта өндіру және пайдалану туралы заңдар.
3. Жануарлар әлемін пайдалану құқығы.

1. Жануарлар дүниесі қоршаған ортаның құраушы бөлігі және экологиялық жүйе шынжырының бөлінбес тізбегі б.т. Ол қарапайым

қаумдастықтың жұмыс істеуіне, топырақтың құрылы мен табиғи өнімділігіне, өсімдік жамылғысының, судың биологиялық құрамының қалыптасуына, жалпы қоршаған ортаның сапасына белсенді әсер ететін, табиғат энергиясы мен зат алмасу процессінің қажетті құрамдасы б.т.

ҚР жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту, пайдалану саласындағы заңнамасы ҚР Конституциясына, ҚР Экологиялық кодексіне, ҚР жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту, пайдалану жөніндегі Заңына өзге де НҚА негізделеді. 09.07.2004 ж қабылданған Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі ҚР Заңы жануарлар дүниесін реттейтін заңнамалық акт б.т. Жануарлар дүниесі мемлекеттік меншікте болады.

Жануарлар дүниесінің тіршілік ету ортасынан әкелінген, сондай-ақ еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда өсірілетін, ұсталатын объектілері оларды тапқан, өсіретін және ұстайтын жеке және заңды тұлғалардың меншігі б.т.

2. Жануарлар дүниесін пайдалану түріне байланысты көрсетілген құжаттардан бөлек, өтінімге қосымша келесі құжаттар тіркеледі:

- Аң аулауға және балық аулауға;
- Облыстық атқарушы органның балық шаруашылығы су айдынын бекіткені жөнінде шешімнің көшірмесі;
- Облыстық атқарушы органның аңшылық алқаптарын бекіткені жөніндегі шешім;
- Балық аулау келісімшарттың көшірмесі;
- Аңшылық шаруашылығының көшірмесі;
- Шетелдермен келісімшар көшірмесі;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мемлекеттік тапсырысты орындау кезінде уәкілетті органмен арадағы келісімшарттың көшірмесі.

3. Жануарлар дүниесін пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде:

- Рұқсат етілетін түрлерін ғана ж.а.
- Ұсынылу жағдайына сәйкес пайдалану;
- Өндірген жануарлар дүниесі объектілері мен алынған өнімге меншік ету;
- Жолдамалар беру;
- Келісімшарт жасау құқығына ие болу.

Арнайы пайдалану кезінде жануарлар дүниесін пайдаланушылар:

- ҚР жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту, пайдалану саласындағы заңнама талаптарын орындауға;
- ҚР салық Заңнамасында көзделген тәртіп бойынша жануарлар дүниесін пайдалану үшін төленетін төлемдерді уақытылы жүргізуге;
- Шаруашылық ішілік аң аулау ұйымдастыру;
- Шаруашылық ішілік балық аулауды ұйымдастыру т.б.

ҚР заңнамалық актілерінде көзделген жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту, пайдалану саласындағы талаптарды орындауға міндетті. Жануарлар дүниесі объектісін жауапты тұлғалар биологиялық қару ретінде пайдалануға тыйым салынады. Мемлекеттік органдар, жауапты тұлғалар мен ұйымдар тарапынан жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметіне заңсыз араласуға тыйым салынады.

Бақылау сұрақтары:

1. Жануарлар әлемінің құқықтық қорғау және пайдалану объектісі ұғымы дегеніміз не?
2. Жануарлар әлемін қорғау, қайта өндіру және пайдалану туралы қандай заңдар бар?
3. Жануарлар әлемін пайдалану құқығы дегеніміз

Сабақ № 17

Тақырып: Ерекше қорғалатын табиғи территорияларды қорғау, іске асыру, қолданудың экологиялық-құқықтық тәртібі.

Жоспар

1. Ерекше қорғалатын табиғи территориялардың ұғымы мен түрлері.
2. Ерекше қорғалатын табиғи территориялар саласындағы ҚР заңнамасы.
3. Ерекше қорғалатын территориялар саласындағы ҚР өкіметі.
4. Мемлекеттік табиғи қорықтардың құқықтық тәртібі.

1 сұрақ. Ерекше қорғалатын табиғи территориялардың ұғымы мен түрлері.

Ерекше табиғатты қорғау, ғылыми, мәдени, эстетикалық, рекреациялық және сауықтыру маңызы бар жер мен су кеңістігінің учаскелері.

ҚР ерекше қорғалатын табиғи территориялардың келесі түрлері болады:

- биосфераларды қосқанда мемлекеттік табиғи қорықтар;
- мемлекеттік ұлттық табиғи парктер;
- мемлекеттік табиғи резерваттар;
- табиғаттың мемлекеттік ескерткіштері;
- мемлекеттік қорық зоналары;
- мемлекеттік табиғи қорықтар;
- мемлекеттік ботаникалық бақтар;
- мемлекеттік дендрологиялық саябақтар.

Басқа да ерекше қорғалатын табиғи территориялар болуы мүмкін. Мемлекеттік табиғи қорлардың объектілерінің құндылықтарына байланысты ерекше қорғалатын табиғи территориялар категориялары бойынша жергілікті және республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи территорияларға бөлінеді.

2. Ерекше қорғалатын табиғи территориялар саласындағы ҚР заңнамасы.

ҚР заңнамасы ерекше қорғалатын табиғи территориялар саласында келесі принциптерге негізделеді:

- мемлекеттік табиғи-қорық қорларын, биологиялық көптүрлігін және табиғи экожүйелерді сақтау;
- ерекше қорғалатын табиғи территорияларды мақсатты қолдану;
- жергілікті тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық мүдделерін ескере отырып туризм мен рекреацияны дамыту;
- ерекше қорғалатын табиғи территорияларды қолдану мен қорғау бойынша іс-шараларды мемлекеттік қолдау;
- ерекше қорғалатындар саласында мемлекеттік реттеу және бақылау;
- ерекше қорғалатын территорияларды қолдану төлемдері, олар туралы заңнаманы бұзудан келтірілген шығындарды өтеу;
- ерекше қорғалатын территориялар саласына халықтар мен қоғамдық бірлестіктердің қатысуы;
- мемлекеттік табиғи-қорықтық қорлар және ерекше қорғалатын территориялардың жағдайлары туралы ақпараттың қолжетімдігі;
- халықаралық құқық негізінде халықаралық ынтымақтастық.

3. Ерекше қорғалатын территориялар саласындағы ҚР өкіметі:

- бірыңғай мемлекеттік саясаттың, оны жүзеге асыру бойынша стратегиялық және тактикалық шаралардың негізгі ережелерін бекітеді;
- жерлерді ерекше қорғалатын табиғи территорияларға жатқызу және ерекше қорғалатын табиғи территорияларды жасауға арналған жерлерді резервте сақтау тәртібін анықтайды;
- ерекше қорғалатын табиғи территориялардың даму бағдарламасын бекітеді;
- республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын территорияларды ұйымдастырады;
- ерекше қорғалатын территориялардың мемлекеттік қорлары туралы ережелерді бекітеді, ерекше қорғалатын табиғи территориялардың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастры тәртібін, сол территорияларды қолдану және олармен қызмет көрсетілу бойынша төлемдерді алудың тәртібі мен жағдайларын анықтайды;
- ерекше қорғалатын территориялар саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады және т.б.

Қоршаған ортаны қорғау саласында ҚР орталық атқарушы органы:

- орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді, ерекше қорғалатын территориялардың қорық ісі саласында әдістемелік жетекшілікті жүзеге асырады;
- табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді, үлгілік және жеке ережелерді, ерекше қорғалатын территориялар, оларды дамыту бағдарламалары бойынша ережелерді жасайды;
- республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын территорияларды басқаруды жүзеге асырады және оларда ғылыми зерттеулерді, табиғатты қорғау және іс-шараларды қалпына келтіру іс-шараларын өткізуді қамтамасыз етеді.

Өкімет құрамына кірмейтін министрліктер мен басқа да атқарушы органдар:

1. Ерекше қорғалатын территорияларды дамыту бағдарламалары бойынша ұсыныстарды дайындап, ұсынады.
2. Ерекше қорғалатын территорияларды жасау кезінде мемлекеттік экологиялық сараптаманы өткізуді қамтамасыз етеді.
3. олардың иелігіне өткізілген ерекше қорғалатын территорияларды басқарады, қоршаған ортаны қорғау саласында орталық атқарушы органдарға есеп пен мәліметтерді беруді ұйымдастырады.
4. қорғау қызметтерін жасайды және өздерінің иелігіндегі ерекше қорғалатын табиғи территорияларды мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етеді.

Жергілікті атқарушы органдар.

1. ерекше қорғалатын территорияларды дамыту бағдарламаларын қарастырады және бекітеді.
2. жергілікті бюджет қаржысынан жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын территорияларды сақтауға шығындарды ұстап қалады;
3. жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын территориялардың жағдай туралы атқарушы органдар жетекшілерінің есептерін тыңдайды.

Жергілікті атқарушы органдар:

1. ерекше қорғалатын табиғи территориялардың жағдайы мен қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.
2. ұсыныстар енгізеді.

Мемлекеттік басқару және мемлекеттік бақылау қоршаған ортаны қорғау саласында Үкіметпен немесе арнайы органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен жүзеге асады.

Мемлекеттік кадастр территория дәрежесі, олардың географиялық қалпы мен шекаралары, олардың тәртіптері, экологиялық-ағартушылық, ғылыми, тарихи және мәдени құндылықтар туралы мәліметтерден тұрады.

Ерекше қорғалатын табиғи территориялардың жерлері, жерлердің арнайы категориясы:

- табиғатты қорғау, табиғи-қорықтық қызметтегі жерлер – қорықтар, табиғат ескерткіштері және т.б. жерлері.
- сауықтыру қызметіндегі жерлер – кадастрлері жерлері;
- рекреациялық қызметтегі жерлер – ұйымдастырушылық жаппай демалыс пен туризмге арналған жерлер;
- тарихи-мәдени қызметтегі жерлер – тарихи-мәдени қорықтар, мемориалды саябақтар, қорықтар, археологиялық ескерткіштер.

4. Мемлекеттік табиғи қорықтардың құқықтық тәртібі

Мемлекеттік табиғи қорықтар – толығымен шаруашылық қолданыстан алынған ерекше қорғалатын табиғи кешендер мен объектілер (жерлер, сулар, жер қойнаулары, өсімдіктер мен жануарлар әлемі), экологиялық ағартушылық маңызы табиғи орта үлгілері тәрізді, әдеттегі немесе сирек ландшафтілер, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің генетикалық қорын сақтау орындары.

Мемлекеттің ұлттық байлығы мемлекеттік табиғи қорықтарға мерзімсіз қолданысқа беріледі.

Міндеттер: биологиялық көптүрлілікті сақтау мақсатында табиғи территорияларды қорғау; ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен өткізу; экологиялық мониторинг; экологиялық білім беру; мемлекеттік экологиялық сараптамаға қатысу; қоршаған ортаны қоғау саласында ғылыми кадрларды даярлауға көмектесу.

Ұлттық саябақтардың құқықтық режимі:

- қорықтық;
- ерекше қорғалатын;
- танымдық туризм;
- рекреациялық;
- тарихи-мәдени объектілерді қорғау;
- шаруашылық қызмет.

Мемлекеттік табиғи қорықтардың құқықтық ережелері:

Қорықтардың түрлері:

1. кешендеу;
2. биологиялық;
3. палеонтологиялық;
4. гидрогеологиялық;
5. геологиялық.

Бақылау сұрақтары.

1. Ерекше қорғалатын табиғи территориялардың ұғымдары мен түрлері.
 2. Ерекше қорғалатын табиғи территориялардың ҚР заңнамасы.
 3. Ерекше қорғалатын табиғи территориялар саласындағы ҚР Үкіметі.
- Үй тапсырмасы «ҚР экологиялық заңнамасы» Байдельдинов Д.А.

Сабақ №18

Тақырып: Қоршаған табиғи ортаны халықаралық құқықтық қорғау.

Жоспар

1. Халықаралық ынтымақтастық.
2. Халықаралық ұйымдар.

1. Халықаралық ынтымақтастық.

Қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттестігінің өзекті мәселелерін шешудегі халықаралық ынтымақтастық дәуірдің объективтік қажеттілігі, адамзаттың өмір сүруі мен үдерісінің шарттары болып табылады.

Өзекті мәселелерді шешуде халықаралық ынтымақтастықтың алғышарттары ретінде ең алдымен биосфераның өзі және оған әсер ету және қорғау кезінде бірлескен әрекетті қажет ететін оның бірлігі қызмет етеді.

Экологиялық мәселелер бойынша халықаралық конвенциялар мен келісімдер 19 ғасырдан бастап өткізіледі. Алғашқылар 1839 ж. Франция мен Ұлыбритания арасында жасалған «Устрицаларды аулау бойынша конвенция»,

1867 ж. жасалған Ресей, АҚШ пен Жапония арасында жасалған балық аулау бойынша бірқатар конвенциялар мен келісімдер болды.

20 ғасырдың 20-40 жылдары КСРО Финляндиямен шекара суларында балық аулау туралы, Ауғанстанмен су ресурстарын бірлесе қолдану туралы келісімдер, Турциямен конвенциялар жасалды.

20 ғасырдың 40-жылдары екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін, қоршаған ортаның әртүрлі табиғи объектілерін қамтыған халықаралық қатынастар жылдам дами бастады.

Дүние жүзінің 100 жоғары мемлекеттері кей елдерде-министрліктер, басқаларында-агенттіктер, үшіншілерінде – қоршаған ортаны қорғау департаменттері деп аталған қоршаған ортаны қорғауды басқарудың мемлекеттік органдарына ие.

20 ғасырдың 70-жылдарынан бастап Дүниежүзілік бірлестік экологиялық дағдарыстарды тәжірибелік жеңу бойынша іс-шараларды қарастыру және жүзеге асыру бойынша бірлесе қарастыру жолына түсті.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша алғашқы халықаралық кеңес 1975 ж. мамыр айында Чехословакияның бастамасы бойынша өтті. Бұл БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының симпозиумы болды.

1972 ж. мамырдың 5 күні Стокгольмда қоршаған ортаны қорғау бойынша БҰҰ конференциясы ашылды, және бұл дата халықаралық ынтымақтастықтың басы болып саналады, ол «Жер тек біреу» ұранымен өтті.

БҰҰ Бас Ассамблеясының XXVII сессиясы. Шілденің 5-і бұл күнді қоршаған ортаны қорғаудың Халықаралық күні деп жариялады. Әр мемлекет басқа мемлекеттермен екі жақты келісімге отырады. Мемлекеттің әртүрлі экологиялық мәселелері бойынша көпжақты қатынастар қолданылады, әдетте БҰҰ жүйесіне кіретін халықаралық ұйымдар, бірлестіктер, бағдарламалар қамқорлығымен.

2. Халықаралық ұйымдар.

Халықаралық ұйымдарға:

1. Барлық дерлік мемлекеттердің академиялары мен ғылыми одақтарын біріктіретін ғылыми одақтардың халықаралық кеңесі.
2. Биохимиялық циклдерді зерттейтін, қоршаған орта мониторингісі мәселелерімен айналысатын ҚО мәселелері бойынша ғылыми комитет.
3. Адамзаттың тропикалық және субтропикалық экожүйелерге, орман ландшафттері мен жайылымдарға әсер етуінің артуының экологиялық салдарын зерттейтін «Адам және биосфера» ЮНЕСКО бағдарламасы.
4. Қоршаған ортаны қорғау бойынша БҰҰ бағдарламасы топырақ пен суларды қорғау мәселелерін, дүниежүзілік мұхиттарды ластанудан қорғау мәселелерін зерттейді.
5. Денсаулықты сақтаудың дүниежүзілік ұйымы ҚО сапасының санитарлы-гигиеналық бағасын жүргізеді.
6. ҚО мониторингісінің ғаламдық жүйесі арнайы станциялар мен бақылау қарауылдары арқылы қоршаған орта жағдайларын бақылауды жүзеге асырады.
7. Табиғатты қорғаудың халықаралық одағы табиғи ресурстарды сақтау мен жан-жақты қолданудың мәселелерін зерттейді.

8. Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым жер атмосферасының жағдайын бақылайды.

9. Халықаралық океанографиялық комиссия дүниежүзілік мұхиттардың жағдайын бақылайды.

10. Азық-түлік пен ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша Дүниежүзілік ұйым суларды, жануарлар әлемінің ресурстарын және торыпақтардың құнарлығын кешенді зерттеу және қорғау бойынша мәселелерді зерттейді.

Халықаралық ынтымақтастық көптеген елдерде бір уақытта пайда болатын табиғатты қорғау мәселелерін жылдам шешуге бағытталған. Экологиялық мәселелердің өзекті сипатын ескере отырып, 33 еуропалық мемлекет, сондай-ақ АҚШ пен Канада елдері VII -1975 ж. Хельсинкида қол қойылған қорытынды актіде ауаны ластаушылармен күресте, тұщы және теңіз суларын қорғауда, жанды табиғатты қорғау және қорықтарды жасауда, халық орналасқан аймақтарда ҚО жағдайларын жақсартуда, өңделген халықаралық бағдарламалар бойынша қоршаған ортаны зерттеуді кеңінен дамытуда халықаралық ынтымақтастықтың қажеттілігі туралы жарияланды.

Бақылау сұрақтары.

1. Қоғам мен табиғат ынтымақтастығының өзекті мәселелерін шешудегі халықаралық ынтымақтастық.

2. Халықаралық ұйымдар.

Сабак № 19

Тақырып: Экология және ғарыш.

Жоспар

1. Озон қабаты

2. Материалдардың табиғи жағдайларда ыдырау мерзімдері.

1. Озон қабаты.

Атмосфера – әртүрлі газдардың, су булары мен тозаң қоспаларынан тұратын ғаламшардың газ қабығы. Атмосфера арқылы Жер мен Космос заттарының алмасуы жүреді. Жер космос тозаңы мен метеориттік материалдарды алады, ең жеңіл газдарды: су тегі мен гелийді жоғалтады. Жер атмосферасы ғаламшар бетінің жылу режимін анықтайтын, атмосфералық молекулалардың диссоциациясын және атомдардың иондалуын тудыратын Күннің күшті радиациясын тесіп өткізеді.

Атмосфераның аса маңызды компоненттерінің бірі озон болып табылады. Оның түзілуі мен ыдырауы Күннің ультракүлгін сәулелерін сіңірумен байланысты, ол тірі ағздарға аса зиянды. Алайда ол әуе жабындысының жылу әрекетін жоғарылата отырып Жердің инфрақызыл сәулеленуін 20% тоқтатады. Озонның негізгі массасы 22-24 км. биіктікте орналасады.

Озон қабатын «озон экраны» деп жиі атайды. Осылайша, өлі космостан біздің планетадағы өмірді қорғайтын әуе қабатының қуаттылығы жер масштабтары бойынша айтарлықтай 1,5 мың км немесе $\frac{1}{4}$ жуық Жер радиусы, космос

масштабтары бойынша құр ғана Жердің Күннен 1/ 100 000 қашықтығын құрайды. Төменгі қабатта шоғырланған ауаның $\frac{3}{4}$ бөлігі - тропосфера.

Атмосфера тығыздығы биіктіктен айтарлықтай төмендейді, бірақ теңіз деңгейінің өзінде 0,001 г/ см², яғни су тығыздығынан 1000 есе көп – ол тұрмыстық өлшемдер бойынша қорғаныс заттарына жатпайды.

Бұзылу үрдісі озон тесіктері пайда болған ғаламшар полюстерінің үстінде ерекше жылдам өтеді.

Озон қабатының әлсіреуінің себептерінің бірі ормандарды Жердегі оттегі продуценттеріне жатқызу болып табылады. Атмосферада көмірқышқыл газ бен метан құрамы аса жедел өсуде. Бұл газдар «бу әсерін» тудырады.

2. Материалдардың табиғи жағдайларда ыдырау мерзімдері:

- апельсин және банан қабығы, х/б мата, қағаз – 0,5жыл
- жіп – 1-1,5 жыл
- сүт пакеттері, жүннен жасалған бұйымдар – 5 жылға дейін
- полихлорвинил пакеттері – 20 жылға дейін
- синтетикалық мата, тері аяқ киім – 40 жылға дейін
- металл бұйымдары – 100 және одан көп жылдар
- шыны – 1 млн. жыл
- пластик тара – ыдырамайды.

Ондаған жылдар бойы атмосферада біз шығаратын СО² жинақталады, ал біз тұтынатын О² көлемін біз атмосферадан аламыз. Сондықтан оның атмосферадағы концентраты төмендеп озон концентрациясын төмендетеді.

Бақылау сұрақтары.

1. Озон қабаты.
2. Материалдардың табиғи жағдайларда ыдырау мерзімдері.

Сабақ № 20.

Қорытынды талдау.

1. Оқу пәнінің мақсаттары мен міндеттері.
2. Экологиялық құқықтың пайда болу және даму тарихы.
3. Экологиялық құқықтың әдістері.
4. Экологиялық құқықтың принциптері.
5. Экологиялық құқық көздерінің ұғымы.
6. Экологиялық құқық көздерін жіктеу.
7. Табиғат объектілеріне меншік құқығының ұғымы мен жалпы сипаттамасы.
8. Табиғи ресурстарға меншік құқығының объектілері.
9. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік реттеу мен басқарудың ұғымы, формалары, әдістері мен принциптері.
10. Экологияны пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды реттеудің мемлекеттік органдарының жүйелері мен құзыреттіліктері.
11. Экологиялық бақылауға анықтама беру.
12. Экологиялық бақылаудың түрлерін атап шығыңыз.

11. Экологиялық бақылаудың принциптерін атап шығыңыз.
13. Мемлекеттік бақылаудың формаларын атап шығыңыз.
14. Экологиялық сараптама дегеніміз не?
16. Экологиялық сараптама түрлерін атап шығыңыз.
17. Экологиялық сараптаманың негізгі мақсаттары мен міндеттері.
18. Экологиялық сараптама қалай жүргізіледі?
19. Жауапкершілікке анықтама беріңіз.
20. Құқық бұзушылықтың түрлерін атап шығыңыз.
21. Экологиялық құқық бұзушылықтың субъектісі кім болып табылады?
22. Экологиялық құқық бұзушылық үшін заңды жауапкершілік түрлерін атаңыз.
23. Қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалаудың тәртібі.
24. Шығындарды экономикалық бағалаудың тікелей әдісі.
25. Шығындарды экономикалық бағалаудың жанама әдісі.
26. Жер табиғи орта мен қорғаудың аса маңызды бөлігі ретінде.
27. «Табиғи-ресурстық кадастрға» анықтама беру.
28. Мемлекеттік жер кадастрының негізі не болып табылады?
29. Атмосфералық ауа - қорғау объектісі ретінде.
30. Атмосфералық ауаны құқықтық қорғаудың мазмұны.
31. Атмосфералық ауаны қорғау саласында мемлекеттік есеп пен бақылау.
32. Жер қойнаулары қорының ұғымы мен құрамы.
33. Жер қойнауларына меншік құқығы.
34. Орман қатынастарын құқықтық реттеу.
35. ҚР орман экожүйелерінің мониторингісі.
36. ҚР мемлекеттік орман кадастры.

VI Әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Байдельдинов Д.А. «Қазақстан Республикасының экологиялық заңдары» Алматы «Жеті жарғы», 1995 ж;
2. Петров В.В. «Ресейдің экологиялық құқығы», Москва, 1997 ж;
3. Ерофеев Б.В. «Ресейдің экологиялық құқығы», Москва «Юрист», 1998 ж;
4. Стамкулов А.С. «Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы» (қазақ тілінде), Алматы, 1995 ж;
5. Сағымбаев Б.Д. «Экология және экономика», Алматы, «Қаржы - қаражат», 1997 ж;
6. Ермакова В.Д., Сухарева А.Я. «Ресейдің экологиялық құқығы» Москва, 1997 ж;
7. «Табиғатты қорғау заңдарының тиімділігі» Алматы, 1988 ж;
8. «Қоршаған ортаны қорғаудағы заңды жауапкершіліктің тиімділігі» Москва, «Наука», 1988
9. «Табиғи-ресурстық құқық және қоршаған табиғи ортаны құқықтық қорғау» Москва, 1988;

10. Яковлев В.Н. «Экологиялық құқық» Кишинев, 1988ж;

Курс бойынша нормативтік актілер

«Табиғатты пайдалану заңдарының негіздері және құқықтық негіздері»

1. 1995 ж. 30 тамызындағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. 1981 ж. 12 маусымдағы «Атмосфералық ауаны қорғау туралы» Заң.
3. 1997 ж. 15 шілдедегі «Қазақстан Республикасының қоршаған ортасын қорғау туралы» Заң.
4. 1992ж. 18 желтоқсандағы «Семей ядролы полигонындағы сдролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заң.
5. 1992 ж. 30 маусымдағы «Арал маңы салдарына зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заң.
6. 1993ж. 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының орман кодексы
7. 1993 ж. 31 наурыздағы Қазақстан Республикасының су кодексы.
8. 1993 ж. 21 қазандағы «Жануарлар әлемін қорғау, қайта өндіру және пайдалану туралы» Заң.
9. 1993 ж. 22 қазандағы «Қазақстан Республикасындағы сәулет және қалалық құрылыс туралы» Заң
- 10.1994 ж. 8 маусымдағы Қазақстан Республикасының «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы туралы» Заңы.
- 11.1995 ж. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексы.
- 12.Өзгертулері мен толықтырулары бар «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Қаз КСР кодексы». 2000 ж. 1 шілдесіндегі жағдайы бойынша.
- 13.Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексы
- 14.1995 ж. 28 маусымдағы заң күшіне ие Қазақстан Республикасы Президентінің «Мұнай туралы» Жарлығы.
- 15.1996 ж. 27 қаңтардағы заң күшіне ие Қазақстан Республикасы Президентінің «Жер қойнаулары мен жер қойнауларын пайдалану туралы» Жарлығы.
- 16.«Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігінің концепциясы». 1996 ж. 30 сәуірде Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен мақұлданды.
- 17.1995 ж. 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» Заңы.
- 18.1997 ж. 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының «Экологиялық сараптама туралы» Заңы.
- 19.1997 ж. 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының «Атомдық энергияны пайдалану туралы» Заңы.
- 20.1997ж. 30 қазандағы Қазақстан Республикасының «Озон қабатын қорғау туралы Вена Конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» Заңы.
- 21.1997 ж. 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын территориялар туралы» Заңы.

- 22.1997 ж. 1 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Озон қабатын бұзушы заттар бойынша Монреаль Хаттамасына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы» Заңы.
- 23.1998 ж. 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Заңы.
- 24.1991 ж. 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің қаулысымен бекітілген, «Қазақстан Республикасындағы қоршаған табиғи ортаны пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау туралы ережелер».